



**Қоғамдық қатысым және қоршаған ортаны қорғау.** Құрастырушылар: И. Игнатович, А. Панкова. – Қарағанды: ЭкоМұражай, CINEST, 2017 ж. – 72 б.

Аударма: Гүлмира Жумадилова

**Басылым «Азаматтардың құқықтарын іске асыру  
және экологиялық мәселелер бойынша шешімдер  
қабылдауға қоғамдық қатысу –Маңғыстау облысында  
Орхус конвенциясын тәжірибелік іске асыру»  
жобасының аясында дайындалып шығарылды.**

Аталған басылым Европа Одағының қолдауымен дайындалды. Басылым мазмұнына Қарағанды экологиялық мұражайы мен Жаңа, экологиялық қауіпсіз технологияларды енгізу орталығы жауапты және Европа Одағының көзқарасын білдірмейді.

© «Қарағанды облыстық экологиялық мұражайы» ҚҰ

© «Жаңа, экологиялық қауіпсіз технологияларды енгізу орталығы» ҚҚ

# ҚОҒАМДЫҚ ҚАТЫСЫМ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Қарағанды - 2017

# МАЗМҰНЫ:

**КІРІСПЕ**.....5

## **1-ТАРАУ**

Үкіметтік емес ұйымдарға қатысты мемлекет саясаты. Әлеуметтік серіктестік технологиялары..7

## **2-ТАРАУ**

Қазақстандағы қоғамдық экологиялық қозғалыстың қалыптасуы.....13

## **3-ТАРАУ**

Біз бүгінді ертең үшін өзгертеміз. Қазақстанның экологиялық үкіметтік емес ұйымдарының сәтті тәжірибелерінің жинағы

Павлодарлықтардың жаппай қарсылығы бүкіл ел үшін үлгі болды.....22

Табиғат ескерткіштерін қорғаудағы азаматтық белсенділік.....27

Рұқсатсыз үйінділердің аймақтың химиялық қаіупсіздігі мен қоршаған ортаға әсері.....31

Ұлттық саябақтарды қалай қорғадық.....35

Қоғамдық экологиялық мониторинг – жасыл даму құралы.....38

Қоғамдық мониторинг селолықтарды сапалы сумен жабдықтауды қамтамасыз етеді.....41

Auagroup.kz – Алматының экологиялық проблемаларын шешуге арналған жоба.....46

Сәйкессіз алмастыру:  
ЮНЕСКОның бүкіләлемдік мұрасын газ кен орнына.....50

Нұра өзені қанша сынап сақтап жатыр?.....56

## **4-ТАРАУ**

Әрекет жасаймын дегендерге көмек

Экологиялық ақпаратқа қол жеткізу.....61

Қоршаған ортаны қорғауға байланысты қоғамдық жиналысты қалай өткізу керек?...65

**ЖОБА ТУРАЛЫ**.....69

# КІРІСПЕ

Қоршаған ортаны қорғау – азаматтардың қатысуы аса маңызды роль атқаратын салалардың бірі болып табылады. Саяси күн тәртібінде экологиялық проблемалардың бекітілуінің өзі және мемлекеттердің экологиялық саясатты жүйелі түрде жүзеге асыруы – азаматтық экологиялық бастамалар мен жаппай экологиялық қозғалыстардың даму нәтижесі болып табылады.

Қазіргі кезде үкіметтік емес экологиялық ұйымдардың маңызы бар әлемде, оның ішінде Қазақстанда да мойындалған. Олардың негізгі міндеті азаматтардың таза қоршаған ортаға құқығын қорғау болып табылады. Осы міндетті жүзеге асыру үшін үкіметтік емес ұйымдар:

- Тиімді экологиялық саясатты жүзеге асыру мен дайындауға жәрдемдеседі;
- Экологиялық бақылау мен мониторинг жүргізеді;
- Тұрғындар арасында ақпараттық-ағарту жұмыстарын жүргізеді;
- Экологиялық тұрғыдан маңызды шешімдерді қабылдауға жұртшылықты кең көлемде тартады;
- Тіршілік ортасы мен адам денсаулығын жақсартуға

және тұрақты дамуға көшуге бағытталған тәжірибелік жұмыстар жүргізеді.

Мемлекеттік органдар тарапынан үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтастықты кеңейту қажеттілігін түсіну өсуде. Бұл – демократиялық ұстаным, оны сақтау адамдарға өздерінің өміріне әсер ететін мәселелерді шешуге қатысуға мүмкіндік береді. Бұдан басқа, прагматикалық көзқарас бойынша, жұртшылықтың қатысуы әр түрлі пікірлерді есепке алуға және білікті шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Үкіметтік емес ұйымдар жүргізген консультациялар қақтығыстардың алдын алып, маңызды мемлекеттік шешімдерді дайындауда қоғамның қолдауын, одан кейін – оның жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді. Үкіметтік емес ұйымдардың маңызды ролін өндіріс пен шаруашылық субъектілері де мойындап отыр. Демократизация мен нарықтық экономиканың дамуы кәсіпкерлерді жұртшылықтың пікірімен санасуға және қақтығыстар қатерін төмендетуге мәжбүрлейді.

Соңғы кездері тұрғындар арасында қоршаған

ортаны қорғау мәселелерімен айналысатын үкіметтік емес ұйымдардың беделі өсуде. Азаматтар үкіметтік емес ұйымдардың жұмысы нақты нәтиже беріп жатқанын көреді, тіпті көптеген жағдайларда қабылданатын шешімге әсер етуге өздеріне мүмкіндік беріледі, ал бұл қабылданған шешім олардың өздерінің денсаулығы мен әл-ауқатына әсер етеді.

Осыған қарамастан, қоршаған ортаны қорғау міндеттерін шешу процесінде үкіметтік емес ұйымдардың ролін күшейту мен тұрақты дамуға қол жеткізу, тиімді қызмет ету үшін қолайлы жағдайлар туғызу мәселелері әлі күнге дейін өзекті болып қала бермек.

Бұл басылымда сіздерге Қазақстандағы қоғамдық ұйымдардың қалыптасу кезеңдері мен үкіметтік емес ұйымдарға қатысты мемлекет саясатының қалай өзгеріп отырғанын, қоғамдық экологиялық ұйымдардың мемлекеттік органдар мойындамауы мен елемеуінен бастап, тану мен ынтымақтастыққа дейін жолды қалай өткендері туралы айтып беруге тырысамыз. Кітаптың үшінші тарауы экологиялық үкіметтік емес ұйымдардың азаматтық қоғамды өзекті мәселелерді шешуге

жұмылдыруға көмектескен, экологиялық ақпараттың ашықтығын қамтамасыз еткен және жұртшылықтың қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша шешім қабылдау процесіне қатысуын қамтамасыз еткен бастамаларына арналған.

Ал кім әрекет етемін десе, біз қайда және қалай экологиялық ақпарат алуға болатындығы туралы көмегімізді аямаймыз, қоршаған ортаны сақтау бойынша қоғамдық жиналыстар өткізуге ұсыныстар береміз.

# 1-ТАРАУ

ҮКІМЕТТІК ЕМЕС  
ҰЙЫМДАРҒА ҚАТЫСТЫ  
МЕМЛЕКЕТ САЯСАТЫ.  
ӘЛЕУМЕТТІК СЕРІКТЕСТІК  
ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Ортақ мүдде мен мақсаттарды шешуге құрылған азаматтардың ерікті бірлестіктері Қазақстан тәуелсіздік алмай тұрып-ақ құрыла бастағанмен, ел тәуелсіздігін алғаннан кейін олар нақты түрде заңдастырыла бастады. 1991 жылы 27 маусымда сол кездегі Қазақ ССР-де «Қоғамдық бірлестіктер туралы» заң күшіне енді, бұл заңның бабына сәйкес мемлекет қоғамдық ұйымдардың құқығы мен заңды мүдделерін қорғауға және қолдау көрсетуге міндетті болды. Алайда, үкіметтік емес ұйымдардың алдында өте қиын мәселе - өз қызметін қаржыландыру мәселесі тұрды.

Тек үш жарым жылдан кейін ғана, 1994 жылдың желтоқсанында, Қазақстан Республикасының Президенті әлеуметтік-экономикалық және еңбек қатынастары саласындағы әлеуметтік серіктестік бойынша республикалық үш жақты комиссия құру туралы қаулыға қол қойды. Бұл үкімет пен үкіметтік емес ұйымдардың жемісті қатынастарының басы болды.

Қазақстандағы үкіметтік емес ұйымдардың қалыптасуына 1995 жылы республикалық референдумда ҚР Конституциясының қабылдануы әсер етті. Оған байланысты, әр түрлі қоғамдық

бірлестіктер заң алдында бірдей болып танылды. Және онда мемлекет үкіметтік емес ұйымдардың жұмысына қол сұға алмайды немесе керісінше, ал үкіметтік емес ұйымдарға белгілі бір міндеттер артуға жол берілмейді.

ҚР Конституциясы құқықтық жүйесі дамыған елдердің барлық стандарттарына сай болса да, үкіметтік емес ұйымдарды құру, жұмысы мен қайта ұйымдастыру немесе жоюға байланысты тағы бір құжаттың қажет екендігі түсінікті еді. Үкіметтік емес ұйымдар дамуының жүзеге асырылатын және әрекет ететін механизмдері қажет болды. Сол үшін 1996 жылы 31 мамырда Қазақстан Республикасының «Қоғамдық бірлестіктер туралы» заңы қабылданды, оның бір бабында үкіметтік емес ұйымдардың мемлекеттік органдармен бірлесе отырып қызмет пен әрекет жасау, олармен келісімге отыру, келісім бойынша олар үшін заңнамада қарастырылған белгілі бір жұмыс түрлерін орындау құқықтары бекітілген. Бұл ортақ мақсатқа қол жеткізу жолындағы мемлекет пен қоғамның күштерін біріктірудегі үлкен қадам болды. Сонымен қатар заң үкіметтік емес ұйымдарға кәсіпкерлікпен айналысуға рұқсат берді, бірақ одан түскен кірісті



ұйым мүшелерінің қалтасына емес, жарғылық және қайырымдылық мақсаттарға қол жеткізуге жұмсау қажет еді. Алайда, көптеген ұйымдар коммерцияға кірісе қоймады, олар жас мемлекет азаматтарының экологиялық жобаларын құлшына қолдаған халықаралық донорлық ұйымдардан грант алуға әлдеқайда мүдделі болды.

Дәл осы кезде мемлекет азаматтық қоғам мен оның дамуына ынтымақтастық механизмдерін енгізе бастады. Осының нәтижесінде 1999 жылы барлық аймақтарда «Үкіметтік емес ұйымдардың Инфо-орталықтары» ашыла бастады, олардың негізгі мақсаты аймақтық ұйымдармен ынтымақтастық, оларға консультациялық көмек беру, ақпараттық және әдістемелік қолдау көрсету болды.

2000 жылдың қазанында Президенттің «Еркін, тиімді және қауіпсіз қоғамға» атты Қазақстан халқына Жолдауында үкіметтік емес ұйымдардың дамуына жағдай жасау үшін Үкіметке алғашқы тапсырмалар берілді. Үкіметтік емес ұйымдардың тұрғындардың әр түрлі топтарының мүдделерін жүзеге асыратындығы түсінікті бола бастады, олардың әлеуметтік салада жоғарылап келе жатқан белсенділігі мемлекетке пайдалы болар еді. Сол

жылы Қазақстанның үкіметтік емес ұйымдарының конфедерациясы құрылды, онда барлық үкіметтік емес ұйымдардың күші мемлекеттік билік органдарымен бірігіп әрекет ету механизмдерін құруға жұмылдырылды. Мемлекет пен аталған ұйымдардың қызметін реттеу үшін жасалған құжаттардың бірі 2001 жылы қаңтарда қабылданған «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» ҚР Заңы.

Үкіметтік емес ұйымдарға тереңнен ойластырылған мемлекеттік қолдау мен мемлекеттік органдармен ынтымақтастық орнатылмағанда, алдыдағы біріккен әрекет туралы перспективалық жоспар құру қажеттілігі туындады. Мұндай бағдарламалық құжат ҚР үкіметтік емес ұйымдарын мемлекеттік қолдау тұжырымдамасы болды, оны Үкімет Қаулысымен 2002 жылдың қаңтарында мақұлданды. Мемлекет пен аталған ұйымдар арасында әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған қатынастардың жаңа моделі басталды. Мемлекет белсенді қолдап, өз жұмысына араластырып, ақпараттық, консультациялық, әдістемелік, ұйымдастыру-техникалық қолдау беріп, сонымен бірге әлеуметтік тапсырыстың орындаушылары ретінде тарта бастады. Мемлекеттік қолдау

тұжырымдамасы үкіметтік емес ұйымдардың тендерге тең құқықты қатысуын қамтамасыз етті. Мемлекет пен үкіметтік емес ұйымдар арасында серіктестік қатынастардың тұрақты әрі тиімді жүйесінің де мерзімі келді.

Ал 15 қазан 2003 жылы Қазақстан тарихында бұрын болмаған оқиға болды – Елбасының қатысуымен алғашқы Азаматтық форум өтті, форум дөңгелек үстел басына мемлекеттік органдардың, үкіметтік емес ұйымдар мен халықаралық ұйымдардың өкілдерін біріктірді. Тағы сол жылы 2003-2005 жылдарға үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік деңгейде қолдау туралы республикалық және аймақтық бағдарламалар бекітілді. Әлеуметтік блок министрліктері мен бүкіл облыс әкімдері жанында консультациялық-жиналыс органдары құрылды. Мемлекет аталған ұйымдарды кең ауқымды әлеуметтік бағдарламаларға грант негізінде тарта бастады. Мысалы, 2003 жылы үкіметтік емес ұйымдар жобаларының бірінші байқауын өткізгенде ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігіне республиканың бүкіл аймағынан 109 ұйымнан 120 сұраныс түскен, комиссия құны 10,7 млн теңгені құрайтын 20 жобаны мақұлдады. 2004

жылғы екінші байқауда 119 ұйым 142 сұраныс берді, оның ішінен жалпы құны 9,7 млн теңге құрайтын 20 жоба мақұлданды. 2005 жылы 165 ұйым қатысты, 234 сұраныс 59,700 мың теңгеге берілді, нәтижесінде 50 үкіметтік емес ұйым жобаларын жүзеге асырды. Барлығы 2003 – 2005 жж. аймақтық бағдарламалар аясында әлеуметтік маңызы бар жобаларды жүзеге асыруға 173 миллион теңгеден артық, ал министрліктер желісі бойынша – тағы 300 миллиондай теңге бөлінді.

Мемлекет пен үкіметтік емес ұйымдар арасындағы маңызды қадам – бұл 2005 жылы 12 сәуірде қабылданған «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы» Заңының қабылдануы болды, бұл заң аталған ұйымдардың әлеуметтік маңызды жобаларды мемлекет есебінен жүзеге асыруға қатысуының құқықтық негізін қалады. Сонымен қатар Елбасы қатысқан Азаматтық форумда үкіметтік емес ұйымдардың Азаматтық альянсы құрылды, орталық, салалық, аймақтық деңгейлерде мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс жүйесін енгізуге және үкіметтік емес ұйымдар мен бизнес-сектордың өзара қызметіне байланысты құжаттар енгізілді.

2006 жылы әлеуметтік тапсырыстарды

орындауға мемлекет 200 млн. теңге бөлді. 2007 жылы әлеуметтік маңызды жобалар байқауы 70 лот бойынша өткізіліп, оның жалпы сомасы 299 028 000 теңгені құрады, оған 392 сұраныс берген 154 үкіметтік емес ұйым қатысты.

ҚР-дағы 2006-2011 жылдарға арналған азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасы заңнамалық, әлеуметтік-экономикалық және ұйымдастыру-әдістемелік базаны жетілдіру үшін, мемлекет пен үкіметтік емес ұйымдардың, халықаралық келісімдердің аясында бизнес-секторлардың серіктестік қатынастарын әрі қарай дамыту үшін дайындалып қабылданған.

Үкіметтік емес ұйымдарға қатысты Қазақстан Республикасы заңнамалық базасының дамуының жаңа айналымы 2015 жылдың аяғында болды, сол кезде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының үкіметтік емес ұйымдар әрекеті мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңы қабылданды. Осылай 2005 жылғы «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы» ҚР Заңына өзгерістер енгізілді, ол қазір тіптен басқаша аталады – «Қазақстан

Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар мен сыйақылар туралы» Заңы. Осының арқасында елде үкіметтік емес ұйымдарды қаржыландырудың жаңа формалары – мемлекеттік гранттар, республикалық және аймақтық деңгейде әлеуметтік міндеттерді шешуге қосқан елеулі үлесі үшін сыйақылар енгізілді. Гранттарға төленетін қаржы мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыруға бөлінген көздерден бөлінеді. Сыйақыны тек жарғылық мақсатты орындау мен ұйымның дамуына, қызметкерлердің кәсіби біліктілігін көтеруге және ұйымның материалдық-техникалық базасын нығайтуға жұмсауға болады. Гранттарды беру ұлттық оператор – Азаматтық бастамаларды қолдау орталығына жүктелген. 2016 жылы Орталық үкіметтік емес ұйымдардың 11 жобасына гранттық қолдау көрсетті, олардың орындалуына мемлекет тарапынан 208 млн теңге бөлінді. 2017 жылы өзекті 11 бағыт бойынша 47 әлеуметтік жобаның орындалуына одан да көп қаржы – 612 млн 508 мың теңге бөлінді. Мемлекеттік гранттардың екінші байқауына қатысуға 229 үкіметтік емес ұйымнан 47 тақырып бойынша 386 сұраныс түссе, оның ішіндегі

181 ұйымның 317 сұранысы іріктеуге өтті.

2016-2020 жылдарға арналған мемлекет пен үкіметтік емес ұйымдардың өзара әрекетін дамыту бойынша жаңа Ұлттық жоспар дайындалып, «100 нақты қадам» ұлт жоспарының аясында енгізілуде. Оны енгізудің арқасында мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты 2016 жылы қаржыландыру 23% көбейтілді, ал бұл 8 млрд теңге.

Үкіметтік емес ұйымдарды қаржыландырудың тағы бір қоры – кәсіпкерлік әрекет, оның мақсаты – әлеуметтік жобаларды өздерінің қаржыландыруы болып табылады.

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келгенде, Қазақстан тәуелсіздігіне ие болған кезден бері, үкіметтік емес секторды қалыптастыру мен дамыту мәселесі бойынша едәуір тәжірибе жинақтады. Үкіметтік емес ұйымдар, олардың елдегі тіркелген саны 22 мыңнан астам, нақты қоғамдық күш болып, елді әрі қарай демократизациялауда маңызды ресурс болып табылады. Олардың қызметін реттейтін заңнамалық база, мемлекет пен осы ұйымдар арасындағы ынтымақтастықтың тиімді механизмі орнатылды, жыл сайын мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстардың жобалары жүзеге

асырылуда. Сонымен бірге үкіметтік емес ұйымдардың қоғамдағы ролінің де өскенін байқауға болады, қоғамдық ұйымдардың біршама консолидациялану процесі болып жатыр. Мемлекеттік билік мен қоғам арасында үкіметтік емес ұйымдардың әлеуметтік саладағы нақты мәселелерді шешетін делдал ретіндегі ролі де нығайды.

# 2-ТАРАУ

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ  
ҚОҒАМДЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ  
ҚОЗҒАЛЫСТЫҢ  
ҚАЛЫПТАСУЫ

Азаматтық қоғамның қалыптасуы мен елдегі демократиялық ортаның дамуы бір-бірімен тығыз байланысты: азаматтық қоғамның даму деңгейі жоғары болса, мемлекет те соғұрлым демократиялық болады. Азаматтық қоғамның қалыптасуы мен дамуы белгілі бір қауымдастыққа еркін біріккен азаматтардан тұратын және өздерінің коммерциялық емес мақсаттарын үкіметтік емес ұйымдарда, мүдделері бойынша клубтарда, ассоциацияларда, одақтарда, әлеуметтік қозғалыстарда жүзеге асыратын мемлекеттің үшінші секторының қалыптасуынсыз мүмкін емес. Аталған сектор мемлекет пен әр түрлі әлеуметтік топтар, жеке азаматтар арасында олардың құқықтары мен мүдделерін қорғайтын делдал ретінде болады. Қазақстан үкіметтік емес ұйымдар секторының ролін мемлекеттің модернизациялау саясатына көмектесетін, қоғамның әлеуметтік-саяси құрылымын қалыптастыруға, азаматтар топтарының әр түрлі мүдделерін жүзеге асыруға, тұрғындардың өзін-өзі ұйымдастыруын, азаматтық бастамаларды қалыптастыратын және жүзеге асыратын, демократиялық өзгерістер құралдарының бірі ретінде көтеру қажеттілігін түсінеді.

Экологиялық үкіметтік емес ұйымдардың қалыптасу процесі де, Қазақстандағы басқа үкіметтік емес ұйымдар сияқты бірнеше кезеңнен өтті. Бірінші кезең 80-жылдардың аяғы мен 1994 жылдарды қамтиды, бұл жылдар экологиялық проблемалар, мемлекеттің табиғат қорғау саясатының тиімділігінің төмендігі, қоғамдық-саяси өмірді демократизациялау экологиялық қозғалыстың туындауына әкелді. Сол кездегі әлі де күшін жоя қоймаған тоталитарлық жүйенің кезінде бұл саяси және әлеуметтік белсенділіктің жалғыз заңды формасы еді. Және де 1985-1991 жылдардағы демократиялық ахуалдың жоғарылауына қарамастан, мемлекет табиғат ресурстарының жалғыз меншік иесі болды және оны «дұрыс» пайдалануды бақылауға тек ол ғана құқылы болды.

Экологиялық қозғалысты гуманитарлық және ғылыми-техникалық интеллигенция өкілдері басқарды. Жоғары білім деңгейлі болғандықтан, олар төніп тұрған экологиялық дағдарыстың зардаптарының масштабын тереңірек түсіне білді. Қазақстандағы алғашқы бүкіл әлемге жар салған экологиялық ұйым антиядролық «Невада-Семей» қозғалысы болды, қозғалыс 1989 жылы ақпан

айының аяғында сол кездегі республиканың Жазушылар одағын басқарып отырған ақын Олжас Сүлейменовтің бастамасымен құрылды. Қозғалыс тез арада бүкіл Қазақстан бойынша қанат жая бастады, полигонды қазақ жерінің ұлттық трагедиясы деп есептеген халықтың кең қолдауына ие болды.

Алайда, мұндай ауызбірлік бостан-бос пайда болған жоқ. Қазақстан жұртшылығы аталған қозғалыс құрылғанға дейін қоршаған ортаны қорғау үшін әр түрлі қоғамдық бірлестіктерге біріге бастаған. Мысалы, осы қозғалыстан екі жыл бұрын, 1987 жылдың маусымында Павлодар қаласында ақуыз-дәрумендер концентраттар комбинатының құрылысын салуға қарсы күресетін топ құрылған болатын. 1987 жылдың тамыз айынан бастап Алматыда Табиғатты қорғау қоғамының жанында «Инициатива» атты әлеуметтік-экологиялық бірлестік қызмет ете бастады, қарашада Қазақстан Жазушылар одағы эгидасымен Балқаш пен Арал проблемасына байланысты Қоғамдық комитет құрылды. 1988 жылы көктемде экологиялық қозғалыстардың артуы байқалып, бұл қозғалыс ақыры сол жылдың маусымында «Жасыл

майданның» құрылуымен аяқталды, оның қатарына елдің барлық экологиялық және экологияға жақын бірлестіктер кірді. Экологиялық топтар тек дискуссиямен айналысып қана қоймай, белгілі билік органдары қабылдаған нақты шаруашылық шешімдерді өзгертуге тырысты.

Отандық және халықаралық сарапшылар бағасы бойынша Қазақстандағы үкіметтік емес ұйымдардың қалыптасуының бірінші кезеңінің нәтижесінде 400 астам ұйым құрылған екен, алайда, олардың құрылуы стихиялы түрде, жүйесіз болды. Саяси белсенділік орталықтары Алматы, Ақтөбе, Қарағанды, Өскемен қалалары болды, бұл қалаларда ондаған осындай бірлестіктер болды. Олардың ішінде экологиялық бірлестіктер де аз емес еді. Мысалы, «Биосфера» (Лениногорск) өзінің алдына атмосфера, өзендер мен топырақ жағдайының экологиялық мониторингін өткізіп, халыққа атмосфераға шығарылатын, өзендерге төгілетін қауіпті шығарылымдар туралы ақпараттандыру, ормандарды қорғау мен қалпына келтіру міндеттерін қойды, Жамбылда «Жасыл қозғалыс» жұмыс жасады, «Ұлытау» Жезқазғанның мәдени-ағарту, әлеуметтік, экологиялық

мәселелерімен айналысып, қала маңайындағы радиолокациялық станцияны жаптырды, «Байқоңырдың» ракета-тасушыларының фрагменттері мен бөлінетін бөлігін жинап, утилизациялауға қол жеткізді. Батыс Қазақстан облысындағы «Нарын» қоғамдық қозғалысы «Капустин Яр» және «Азгир» полигондарындағы әскери сынақтардан зардап шеккен жергілікті тұрғындар үшін арнайы әлеуметтік бағдарламалар қабылдауға атсалысты. 1990 жылы құрылған алматылық «Жасыл құтқару» ұйымы адамдардың таза қоршаған ортаға деген құқықтарын қорғайды және Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық жағдаятты жақсартуға көмектесуде. Шымкент облысында «Саун» қоғамы ауылдар мен бұлақ көздерін тазалап, басқа да табиғат қорғау шараларын жүргізуде. Қостанай облысында экологиялық топ барлық күшін Тобыл өзенін құтқаруға салды. Шығыс Қазақстан облысында ондаған жүздеген энтузиастарды Ертіс өзенінің мүшкіл жағдайы алаңдатты, сондықтан 1989 жылы өзенді қорғау бойынша қоғамдық комитет құрды. Теміртауда «Карбид» ӨБ мен Қарағанды металлургия комбинатының еңбек ұжымдары «Нұра» экологиялық тобын құрды.

Гурьев облысында балық өндіру өнеркәсіптерінің ұжымдары Орал мен Каспий маңы бассейнінің табиғат ресурстарын ұтымды пайдалану мен сақтау үшін «Қызыл балық» бірлестігін құрды. Көкшетау облысында Щучинск қаласының ғылыми және инженерлік-техникалық қызметкерлері курорттық зона мен облыс ормандарын экожүйесін қорғау мақсатында «Бурабай» қоғамын құрған.

Ол кездегі қоғамдық экологиялық ұйымдар олардың икемді бейімделгіштіктерін көрсететін әр түрлі қызметтерді пайдаланды. Олар жай ғана табиғатты қорғауды талап еткен жоқ, сонымен бірге бұқаралық ақпарат құралдары, депутаттар, экологиялық форумдар, конференциялар арқылы мемлекеттің жағымды экологиялық саясат қалыптастыруына жағдай жасады. Кей жағдайларда экологиялық үкіметтік емес ұйымдар халықаралық ұйымдар көмегіне жүгінуге мәжбүр болды. Мысалы, Атырау облысының «Каспий табиғаты», «Демос», «Глобус», «Аялы орта», «Арлан», «Заман» экологиялық ұйымдары мен қозғалыстарының белсенді қимылдарының арқасында Каспий маңындағы бес мемлекеттің үкіметтері (Әзербайжан, Иран, Қазақстан, Ресей мен



Түркменстан) халықаралық ұйымдардың қолдауымен Каспий экологиялық бағдарламасын әзірлеп жүзеге асыруда.

Екінші кезең 1994 жылдан 2001 жылдар арасында, үкіметтік емес ұйымдардың сандық және сапалық өсімімен сипатталады. Бұны, негізінен, ұйымдастыру-техникалық, оқыту және әдістемелік сипаттағы семинарлар, дөңгелек үстелдер, тренингтер өткізуге бағытталған гранттар түріндегі халықаралық қорлар мен ұйымдар тарапынан жаппай қаржылық қолдауымен түсіндіруге болады. Үкіметтік емес ұйымдардың шоғырлануы ірі қалаларда болды.

Тура осы кезеңде, 1997 жылы, Қазақстанда елдегі және шетелдегі ең танымал экологиялық ұйымдардың бірі – Қарағанды экологиялық мұражайы құрылды. Ұйым облыстың өткір экологиялық проблемаларын шешумен айналысады, дәлелді көрсету үшін Орталық Қазақстанның өзекті экологиялық проблемаларын қызметкерлердің қолымен шынайы түрде жасалған интерактивті экспозициялар арқылы айтады.

1999 жылы сәуірде Қарағанды облысының Теміртау қаласында Қазақстан Республикасы

үкіметтік емес ұйымдарының Экофорумының жұмыс тобының кездесуі болды, онда үкіметтік емес ұйымдардың ұлттық деңгейдегі жұмыс жоспары дайындалды, халықаралық қауымдастыққа үндеуі, бұқаралық ақпарат құралдарына ашық хат, «Еуропаға арналған қоршаған орта» атты Министрлер кездесуінде үкіметтік емес ұйымдардың параллельді кездесуін өткізу мен дайындау ниетінің хаттамасы мен басқа да құжаттар дайындалды.

Тура сол жылы барлық аймақтарда дерлік «Үкіметтік емес ұйымдардың инфо-орталықтары» ашылды, олардың негізгі міндеті аймақтық үкіметтік емес ұйымдармен бірлескен қызметі мен оларға консультациялық көмек, ақпараттық және әдістемелік қолдау болды.

2003 жылы үкімет парламент арқылы басқа елдерден ядролық қалдықтарды коммерциялық енгізу туралы өткізуді көтергенде, қарағандылық «Экоцентр» қоғамдық ұйымы бұл жағдайды болғызбау үшін күрестің бастамашысы болды. Оны "табиғат" жасыл партиясы қолдады. Кең әрі сауатты ұйымдастырылған кампанияның арқасында ұлттық парламент сол жылдың аяғында заң жобасын кері

қайтарды. Бұл жеңіс Қазақстандағы экологиялық қозғалыстың одан әрі дамуына жаңа серпін берді.

Үкіметтік емес сектордың санының өсуі екінші кезеңнің соңына қарай 1600 үкіметтік емес ұйым болды, оның 15% экологиялық үкіметтік емес ұйымдар құрады. Жалпы алғанда, қоғам қысымымен мен халықаралық ұйымдардың пікірімен Қазақстан 23 халықаралық экологиялық конвенцияны ратификациялады.

Қазақстандағы экологиялық білім жүйесінің дамуына үкіметтік емес ұйымдар қызметі көп еңбек сіңірді. Әлемдік тәжірибеге қол жеткізу арқасында үкіметтік емес ұйымдар аталған салада мемлекеттік білім жүйесінің өкілдеріне қарағанда әлдеқайда көп жұмыс жасады. Бұл процесте грант түріндегі қосымша қаржыландыру да, жақын және алыс шетелдердегі тәжірибе алмасу бойынша барған сапарлар мен тағылымдамалар да, ақпаратты электрондық пошта, Ғаламтор көмегімен алу мүмкіндігі де, үкіметтік емес ұйымдар форумдарына қатысу да үлкен роль атқарды. Ал бұның барлығы шығармашыл ізденімпаз мұғалімдер мектептерде жүргізген экологиялық үйірмелер мен клубтар құрудан басталды. Мысалы, 1995 жылы Қарағанды

Экоорталық базасында құрылған «ЭкоОбраз» ұйымы 2006 жылдан бастап Экологиялық білім беру қорының қауымдастырылған мүшесі атанды. Экологиялық білім саласында маманданған ұйымдар қатарында «Жастар экология мен болашақ үшін» (Қостанай), «Экологиялық білімді қолдау орталығы» (Тараз), Теміртау қаласының «Отражение» және басқа ұйымдарды атауға болады. Үкіметтік емес ұйымдар мектепке дейінгі және мектеп оқу орындары үшін оқу құралдары мен оқулықтар әзірлейді, белсенді түрде экологиялық акциялар, семинарлар, конференциялар өткізеді, тәжірибемен алмасады.

2002 жылы Қазақстан Республикасында үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдау тұжырымдамасын қабылдағаннан кейін елдегі үкіметтік емес сектордың дамуының үшінші кезеңі басталды. 2002 жылдың басына елде ресми тіркелген 1767 үкіметтік емес ұйымдар тіршілік ету әрекетінің әр түрлі салаларында нақты қызмет етіп жатқан. Алайда көптеген саясаткерлер мен сарапшылар ол кезде елде әлемнің дамыған елдерінің критериіне сай дамыған азаматтық қоғам әлі де қалыптаса қоймаған деген пікір айтады.

Осыған қарамастан 2002 жыл мен 2006 жыл аралығында үкіметтік емес ұйымдардың тұрақтылық индексіне сәйкес (USAID зерттеу әдістемесі), үкіметтік емес ұйымдардың халық санына шаққандағы саны бойынша Қазақстан Орта Азия елдерінің арасында осы сала бойынша он жыл бойы көш басында тұрған Қырғызстанның көрсеткішіне жақындады. Ал нормативті-құқықтық базаның дамуы көрсеткіші, үкіметтік емес ұйымдардың жұмысына халықтың тартылуы мен олардың қаржылық тұрақтылығы жағынан ҚР үкіметтік емес ұйымдары Орта Азия елдері арасында көш басына шықты және Польша, Болгария, Венгрияның үкіметтік емес ұйымдарымен бәсекеге түсе бастады.

2006 жылы ҚР Президентінің Жарлығымен бекітілген 2006-2011 жылдарға арналған азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасын қабылдау әрі 2010 жылы ЕҚКҰ төрағалық ету туралы 2007 жылы құқығын алу (елдегі сапалы демократиялық, саяси және экономикалық өзгерістерді әлем қауымдастығының мойындауы екендігін көрсетеді), елдегі үкіметтік емес ұйымдардың дамуының төртінші кезеңінің қалыптасуын көрсетеді. Бүгін Қазақстанда

көптеген экологиялық үкіметтік емес ұйымдар әр түрлі бағыт бойынша жұмыс істеуде, олар: экологиялық білім, Қазақстан табиғатын сақтау, қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнаманы сақтау, антиядролық қозғалыс, экологиялық апат аймағындағы тұрғындарға гуманитарлық көмек, қоршаған орта облысы бойынша зерттеулер, шөлденумен күресу, өзен мен көлдердің суалуы, су көздерінің және аймақтардың ластануы, климаттың өзгеруі.

Сонымен қатар өмірлік маңызды аспектілер болатын ауыз су сапасы, өндірістік объектілер мен автозаправкаларды қала аумағында – тұрғын үй кварталдарында орналастыру, халықты ауыз сумен және суғру суымен қамту, елді мекендерді көгалдандыру мәселелері де назардан қалмайды.

Қазақстанның экологиялық үкіметтік емес ұйымдары мемлекеттің мойындамауы мен елемеуінен бастап оларға мойынсұнуы мен ынтымақтастыққа дейінгі жолды өтті. Себебі басында экологиялық ұйымдарды билік органдары оппозиция ретінде қабылдады, ол қоғамның әлеуметтік-саяси жүйесіне сай болмады. Ал мемлекеттік институттар қоғамдық қозғалыстардан

қалып қойғандығы туралы түсінік келген кезде, экологиялық қауымдастықта ондаған жылдар бойы не әлеуметтік, не табиғат қорғау проблемаларды шеше алмаған билікке деген сенімсіздік пайда болды. Кейбір жекелеген ведомстволар қасақана экологиялық топтармен келіспеушілікті тудырып, оларды «жауапсыз неформалдар» түрінде көрстеу үшін әрекетке итермелегені де жағдайды ушықтыра түсті. Әйтсе де, қоғамдағы демократиялық процестердің дамуының арқасында мемлекет пен жұртшылық арасында бірлесе қызмет істеу жолға қойылды, осының нәтижесінде олар бір-бірінің және халық алдында табиғат қорғау проблемаларды тиімді шешу мәселелері бойынша бедел мен сенімге ие болды.

# 3-ТАРАУ

БІЗ БҮГІНДІ ЕРТЕҢ ҮШІН  
ӨЗГЕРТЕМІЗ. ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҮКІМЕТТІК  
ЕМЕС ҰЙЫМДАРЫНЫҢ СӘТТІ  
ТӘЖІРИБЕЛЕРІНІҢ ЖИНАҒЫ

# ПАВЛОДАРЛЫҚТАРДЫҢ ЖАППАЙ ҚАРСЫЛЫҒЫ БҮКІЛ ЕЛ ҮШІН ҮЛГІ БОЛДЫ

«ЭКОМ» қоғамдық бірлестігі,  
Павлодардың Орхусс орталығы  
[www.aarhus-pavlodar.kz](http://www.aarhus-pavlodar.kz)  
Павлодар қ., Горький көшесі 102/4  
(Инновациялық Евразия университеті), 110-кеңсе  
E-mail: [ecompvl@gmail.com](mailto:ecompvl@gmail.com)  
Жетекшісі - Светлана Могилюк

«ЭКОМ» қоғамдық бірлестігінің адам денсаулығы үшін, қауіпсіз қоршаған ортаны сақтау миссиясын орындап, қызмет атқарғанына 15 жылдай болып қалды. Іс жүзінде, барлық жылдар бойы ұйым Орхусс конвенциясының нормаларын, оның ішінде, қоршаған ортаға қатысты жұртшылықтың шешім қабылдауға қатысуын тәжірибеде пайдалануға көмектесуде. «Экомның» көпжылдық тәжірибесі, қызметкерлері мен еріктілердің белсенді азаматтық ұстанымы 2015 жылы Павлодар қаласында адам денсаулығына да, қоршаған ортаға



да қауіпті кәсіпорын салудың алдын алғызды. Завод құрылысына қарсы кампания барысында 350 000 тұрғыны бар қаладан 100989 қол жиналды!

Қазақстандағы жойылуы қиын ластауыш заттарды өртеу арқылы жоятын завод салатындығы туралы хабар аталған оқиға болмас бұрын екі жыл көлемінде айтыла бастады. «ЭКОМ» ҚБ Экофорум Қазақстан ұлттық желісінің бөлігі ретінде IPEN

(Жойылуы қиын ластауыш заттарды жою бойынша халықаралық желі) әріптестерімен бірге Қазақстан Республикасы аймағында өндірістік қалдықтарды жою заводының құрылысын салуға негіз жоқ екендігін дәлелдейтін үндеу жасағандардың бірі болды. Өкінішке орай, бізде жиі болатындай, бұл үндеуге биліктен нақты негізделген жауап алынбады.

2014 жылдың 22 желтоқсанында «ақпаратық кездесу» өтті, бұл кездесудің нәтижесі бойынша ақпарат тіпті жұртшылықты шақырған мемлекеттік органдардың өзінде де жоқ. Кездесуде қалдықтарды жою үшін қандай технологиялар қолданылады, қайта өңдеу көлемі қандай және оның қоршаған ортаға әсері қалай болатындығы туралы бір де бір ақпарат айтылмады. Баяндамашылар көбіне Қазақстанда қауіпті қалдықтар бар және оларды бірдеңе қылу керек деген байбаламды көбірек көтерді. «Бұл қалдықтарды неліктен біздің қалада жою керек?», - деген ақылға қонымды сұраққа «Бұл ең арзан вариант», - дегеннен басқа мардымды жауап ала алмады. Бұл кездесудің Қазақстанда қарастырылған қоғамдық тыңдалымдарға ешқандай сай болмағанын атап айта кету керек, бұл

туралы қоғамдық ұйымдар ұйымдастырушылар мен жауапты органдарға жазбаша түрде ескертті.

Алайда, осыған қарамастан, Энергетика министрі Владимир Школьник Павлодар қаласында жойылуы қиын органикалық ластауыштары бар қалдықтарды жоюға арналған завод салынатыны туралы бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен хабарлады. Ал Бүкіләлемдік банк зерттеулерге, заводтың техникалық-экономикалық негіздемесін (ТЭН) әзірлеу мен қоршаған ортаға әсерінің алдынала сараптамасына 10 миллион евро бөлінгендігін хабарлады. Завод құрылысы туралы шешім аймақта өндірістік қалдықтар көптеп жиналған және осыған





сәйкес инфрақұрылым бар дегенге негізделген.

Шынында Павлодар облысы Қазақстанның ең лас аймақтарының үштігіне кіреді. Жиналған өндірістік қалдықтар көлемі бойынша Республикада 3-орын, ал түзілген қалдықтар бойынша 2-орын алып отыр. Ал стационарлық көздерден атмосфераға шығарындылар шығару бойынша елде бірінші орынға ие. Тура осы мәселе тұрғындарды қатты алаңдатады. Аймақтағы кейінгі жылдары өткізілген бірқатар социологиялық сауалнамалардың деректері бойынша, тұрғындар экологиялық мәселелерді маңыздылығы жағынан бірінші орынға қояды екен. Завод құрылысына қарсы кампанияны

кең ауқымды қылған да осы факт екендігі даусыз.

«ЭКОМ» ҚБ сарапшылармен біріге отырып, завод құрылысының жобалық құжаттарының сараптамасын жасады, осының нәтижесінде бұл жобаның жүзеге асырылуынан аймақ үшін жағымды ештеңе болмайтынына көз жеткізді. Жоба территориясында жойылуы қиын ластауыш заттары бар қалдықтар үлкен емес, сондықтан завод салудың бастамашылары үлкен экологиялық тиімділік туралы да айтуға келмейді деп есептейді. Экономикалық тұрғыдан да үлкен плюстары жоқ. Құрылыс кейін қайтарылатын қарызға салынуы керек болған. Заводтағы жұмыс орнының жалпы саны 125 қана жоспарланған. Оның есесіне жобаны жүзеге асырудағы қатерлер өте жоғары болды. Сөз жоғары температуралы процесс туралы болып тұр, ал бұл процестің әлеуетті апаттық қауіптілігі жоғары. Нысанның құрылысы жұмыс жасап жатқан ірі химиялық кәсіпорындар жанынан, оның ішінде, хлор өндіретін кәсіпорын жанына салу жоспарланды. Әр түрлі қалдықтардың үлкен көлемін жинау, жобалау құжаттарына сәйкес, Ертіс өзенінің ірі трансшекаралық аймағына жақын орналастыру жоспарланған. Жанудан қалған қалдықтарды да



өзен жанына жақын жерге жинау көзделген, полигонның ағынын фильтрлеу қала үшін көптеген жылдар бойы үлкен қауіп болар еді. Завод қалдықтары онсыз да аймақта көлемі жоғары шығырылымдардың атмосфераға лақтырылудың көбеюіне әкеліп соқтырар еді.

«ЭКОМ» қоғамдық бірлестігі жұртшылықтың назарын қауіпті жоспарға аударту үшін едәуір күш жұмсады: пресс-конференциялар ұйымдастырылып, журналисттермен белсенді жұмыс жүргізілді, әлеуметтік желілерде материалдар жарияланды.

Осының нәтижесі ретінде – 2015 жылы билік ұйымдастырған қоғамдық тыңдалымға 800 астам адам қатысты. Билік таңдаған ғимаратқа адамдар әрең сыйды. Бұл тыңдалым Қазақстандағы экологиялық мәселелер бойынша тыңдалымдардың ішіндегі ең ірісі болды. Адамдар аймақтағы экологиялық жағдай туралы өздерінің реніштерін ашық айтып, завод құрылысы нәтижесінде оның одан әрі нашарлауына байланысты қауіптерін ашық айтты.

«Көптеген адамдар, тыңдалымға біз шақырғанда, жұмыс уақыты болғандықтан келе

алмайтындықтарына өкініш білдіріп жатты,- деп есіне алады «ЭКОМ» ҚБ жетекшісі Светлана Могилюк, - олар өздері ұсыныс берді: Біз келе алмайтын болғандықтан, завод құрылысына қарсы қолымызды қойып берейік. Осылай қол жинау идеясы пайда болды. Тыңдалымға дейін осылай 5000 астам қол жиналды».

Тыңдалымнан өткен соң хаттаманы бекіткенге дейін бір апта ішінде «ЭКОМ» ҚБ қол жинауды жалғастыра берді. Бұл жұмыста үлкен көмек еріктілер берді: ұйымның кеңсесіне 20 адам келіп, өздерінің күнделікті тіршілігін жинап қойып, бірнеше күн бойы таңертеңнен кешке дейін қол жинап, оны қайта-қайта есептеп отырды. Басқа қалалар мен аудандар, басқа облыстар, тіпті басқа елдер де қол жинаудан тыс қалмады. Тіптен, мынандай қызық болды, бірінші келін еріктілерге назар аударып, өз қолын қойған соң, кейін той рәсіміне қатысушылардың барлығы жаппай қол қойып шықты.

Күтілгендей, техникалық-экономикалық негіздеме бойынша қоғамдық тыңдалымдар болып жатқан кезде, халық бірауыздан қарсы екендігін білдірді. Қала халқының үштен бірі петицияға қол қойды, бұнымен олар өздерінің позициясын анық

байқатты. Түсіндіру артық деп ойлаймын. Осындай біздің еліміз үшін болмаған халық қалауынан кейін билік жойылуы қиы заттары бар қалдықтар заводуын салудан бас тартты.

«ЭКОМ» ҚБ қызметкерлері мен еріктілердің пікірі бойынша, Завод құрылысын салуға қарсы кампанияның табысты болуының шарты:

- Біз техникалық құжаттардың сараптамасын жасадық, жоба қатерлерін жұртшылықтың барлық қабаттарына нақты әрі түсінікті болатындай хабарлама дайындап, оны кеңінен тараттық.

- Біз бар рәсімдерді сақтадық, процесті саясиландыру мен кейбір күштердің істегеніне қарамай билікпен негізсіз қақтығыстарды болдырмауға тырыстық.

- Біз көптеген серіктестерді – журналисттерді, әлеуметтік желілердегі бар белсенді топтар мен ғаламтордағы порталдардың модераторларын, басқа қоғамдық ұйымдардың басшыларын, IPEN желісі бойынша әріптестер мен сарапшыларды тарттық.

- Біз осы үлкен кампанияға атслықандарға, оның ішінде, ең бірінші, азаматтық ұстанымдарын белсенді түрде көрсете білген біздің облыс тұрғындарына алғысымызды білдіреміз!



# ТАБИҒАТ ЕСКЕРТКІШТЕРІН ҚОРҒАУДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ БЕЛСЕНДІЛІК

«Эко Маңғыстау» үкіметтік емес мекемесі  
Ақтау қ., 4 мкр., 57-үй, 15-пәтер  
Жедел желі телефоны / факс: 8(7292) 50-38-80  
e-mail: [info@ecomangystau.kz](mailto:info@ecomangystau.kz)  
ВКонтакте желісіндегі топ:  
<http://vk.com/ecomangystau>  
Twitterдегі топ:  
<http://twitter.com/ecomangystaukz>  
Жетекшісі – Кирилл Осин

Ақтау қаласынан 90 км жерде өзінің табиғи сұлулығы жағынан таңданарлық жер бар, ол – Саура шатқалы. Саураның бірегейлігі сонда, ол жер сәулет пен табиғат ескерткіштерінің кешенін біріктірген: шатқалдың үстіртінде қола ғасырлық ежелгі қорғанды қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде, ылдида әр түрлі емдік шөптер өседі, бір қадамдай жерде аппақ құм жағажайлы Каспий теңізі орналасқан. Бұл жердің маржаны – шатқал түбіндегі



суында батпақтық тұщысулық тасбақасы бар тұщы көл. Өзіңіз елестетіңізші, шақырайған күннен жанып тұрған Маңғыстау жерінде ешқандай ашық су көзі кездеспейді, аяқ астынан алдыңыздан таңқаларлық тұрғындары – суда жүзетін тасбақалары бар шағын көл шыға келеді. Тамаша емес пе?! Саура –

тасбақаларды кездестіруге болатын аймақтағы жалғыз жер. Тасбақалардың бұнда қалай пайда болғандығы мен қанша екендігін де ешкім білмейді. Арнайы зерттеу жүргізілмеген.

Бір кездері, 1950 жылдары, Саура шатқалында метеостанция орналасқан, одан бұрын балықшылар поселкісі болған. Сол кездегі тұрған адамдар шатқалға тұт ағашын (жібек) отырғызған. Бақ ыстық күндері шатқалға тірлік беретін көлеңке мен салқындық сыйлаған, өкінішке орай, 30 жыл бұрын өрт болып, сол өртте бақ толық жанып кетті. Үлкен жапырақты бір ағаш қана сау қалған, қазір оның өзі



де соңғы күндерін өткізуде.

2000 жылдардың басында, еліміз үшін қиын жылдар артта қала бастаған кезде, аймақ тұрғындары арасында Саураның танымалдығы арта бастады. Бұл жер туристтер ғана емес, фермерлердің де сүйікті мекеніне айналды, себебі оларға шатқал түбінде атқылап жатқан тұщы су көздері ыңғайлы еді. Бұл жерден бірнеше шаруа қожалықтары ашылды – олардың бірі жеміс ағаштарын өсірумен айналысса, екіншісі – мал шаруашылығын жандандырды. Барлығы жақсы ғой, тек жайылып жүрген мал, су ішу үшін тура тұщы көлге баратын болды. Тасбақалардың популяциясына қатер төне бастады – тасбақалар жұмыртқаларын салатын жалғыз құм жағалауды күн сайын мал таптап өтеді. Шатқалды көң үйінділері басып кетті, ал көлдің суы өзінің тазалығы мен мөлдірлігін жоғалтты.

Күн санап құрып бара жатқан шатқалдың жағдайы тұрғындарға дабыл қақтырды. 2011 жылы «ЭкоМаңғыстау» үкіметтік емес мекемесі жұртшылықтың қолдауымен көл мен шатқалдың барлық жеріне санитарлық тазалау жасады. «Жабайы» туризм кезінде бұл жерде жүздеген тонна қоқыс: азық-түлік қалдықтары, пластик, қаңылтыр

банкарлар, шыны бөтелкелер ... жиналған. 2013 жылдан бастап, үш жыл ішінде, еріктілер әр маусым сайын шатқалдан 50-70 тоннадан қоқыс шығарады. Санитарлық тазалаудан басқа энтузиасттар жоғалған бақты қалпына келтіру үшін жыл сайын 100 артық көшет отырғызумен айналысады.

Бірақ жыл сайын шатқалда әр түрлі проблемалар шығып отырады. Қоғамдық ұйым өкілдері бұлақтарды заңсыз пайдалану фактілеріне кезікті: су таратқыштарды тұра жер асты көздеріне қосылып алған, осының салдарынан бір кездері жап-жасыл шатқал құрғап жатыр. Табиғат қорғау прокуратурасы мен су инспекциясының біріккен рейдтері сол жылы аса елеулі нәтиже бере қоймады. Тек БАҚ қолдауы – қалыптасып қалған проблема туралы көптеген жарияланымдар – су көздерінің заңсыз талан-таражға салынуына тосқауыл болуға мүмкіндік берді.

Алайда, жеңістер жаңа қиындықтар мен кедергілерге алмасып отырды. Отырғызылған бірнеше жүз көшеттің жартысынан кемі ғана сақталып қалды. Қаладан шатқалдың 90 км алшақтығы нәтижесінде күнделікті суаруа алмайтындығы аз болғандай, маңайдағы ірі қара



мал да жас өскіндердің өсуіне мүмкіндік бермей аяусыз жеп қоятын болды.

Алайда, ұйым мүшелері оңайлықпен беріле қойған жоқ. Осы жылдар ішінде «ЭкоМаңғыстау» үкіметтік емес мекемесі серіктестерімен бірігіп аталған бірегей табиғат нысанын қорғау бойынша жұмыстар жүргізіп келді. «Турист» фирмасы, «Ақтау Сити» журналы және басқа да ұйымдар шатқалдың болашақ ұрпақ үлесіне тиюін қолдайтын күрескерлер қатарында болды және әлі күнге дейін қолдап та келеді. Жоғарыда аталған үш ұйым 2013

жылы Саура шатқалындағы табиғат қорғау шараларына қаржы жинау мақсатында Экологиялық бал өткізді. Бұл ірі іс-шара нысанға мемлекеттік органдардың да назар аударуына түрткі болды. 2014 жылы шатқал аймағында қола ғасыр ескерткішін зерттеу үшін археологиялық қазба жұмыстары басталды, зерттеуден соң оны қалпына келтіру жұмыстары да жоспарланып отыр. 2015 жылы шатқалдағы ағаштар мен көлді малдан қорғау үшін қоршау орнатуға қаражат бөлінді. Қоқыс жинайтын контейнерлер де орнатылды.

Осы уақыт ішінде еріктілер Саура шатқалына барып, санитарлық тазалау жұмыстарын жүйелі жүргізіп отырды. Жағдай да жақсара бастады. Көшеттер де көгере бастады. Көлдегі су тұнып, қайта мөлдір қалпына келді, шатқалдың ауасы да тазарды.

Алайда, қиыншылықтар, сөзсіз, әлі де бар. Әлі күнге дейін «жабайы» туристтердің іздері байқалып қалады. 2017 жылдың басынан бастап көл жағалауында тағы да мал ізі көріне бастады, бұл – не көлге басқа бір жол тапқан, не қоршаудың бір тұсы сынған деген сөз. Осыған қарамастан, экологиялық еріктілер десанты көктемде шатқалға түсуге қайтадан дайын!



# РҰҚСАТСЫЗ ҮЙІНДІЛЕРДІҢ АЙМАҚТЫҢ ХИМИЯЛЫҚ ҚАІУПСІЗДІГІ МЕН ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ӘСЕРІ

«ЭкоОбраз» ҚБ  
Қарағанды қ.  
Алиханов көшесі, 5 (Одақтар Үйі), 414 кеңсе  
Тел./факс: +7 (7212) 91-10-79  
E-mail: [ecoobraz@ecoobraz.kz](mailto:ecoobraz@ecoobraz.kz)  
[www.ecoobraz.kz](http://www.ecoobraz.kz)  
Жетекшісі - Светлана Былинская

«Рұқсатсыз үйінділердің аймақтың химиялық қауіпсіздігі мен қоршаған ортаға әсері» жобасы 2014 жылдың наурыз айында басталды. «ЭкоОбраз» ҚБ Қарағанды қаласының және маңындағы елді мекендердің тұрғындарына деректер қорын құру және оған бұл нысандарды электрондық картаға кіргізу үшін рұқсатсыз үйінділер орындары туралы хабарлау туралы ұсыныс жасады.



Басынан бастап жоба қоғамдық резонанс тудырды: қысқа мерзімде карта бетінде 80 астам нүкте пайда болды, олардың көбі нысан туралы ақпарат беріп қана қоймайды, сонымен бірге

ақпаратқа қоса олардың суреттері де берілген. Картаның толтырылуына ерекше үлес қосқан «Қарағандыликвидшахта» РГСП болды, кәсіпорын жоба командасына Қарағанды қаласы шахталарын рекультивациялау даласында орналасқан 20 үйінді туралы ақпарат беріп, ол жерге барып көруге де көмек көрсетті.

Рұқсатсыз үйінділер туралы ақпарат жинап және Қарағанды облысының студенттері мен оқушылары қатарынан алынған еріктілерге бірнеше семинар өткізіп, жоба командасы қала тұрғындары көрсеткен нысандарға барып көрді, осыдан кейін олардың ішінен стихиялық үйінділердің «қапыл ондығын» таңдап алды да жиналған қоқыстың аймақтың химиялық қауіпсіздігіне қандай қатер төндіріп тұрғанын анықтау үшін сынама алуды бастады.

Оңтүстік-Шығыс, Майқұдық, НМК, Михайловка, Сортировка мен Үштөбе ауылының 10 үйіндісінде болған жоба қатысушылары қажетті зерттеулер мен өлшеулер өткізген соң, аталған нысандардың жалпы ауданы 1 716 820 м<sup>2</sup> құрайтындығын, ал құрамы бойынша тұрмыстық қоқыс та, өндірістік қоқыс та бар екендігін анықтады.



Үйінділердің көлемі ылғи өзгеріп отырады, олар одан сайын көбеюде және үлкейе түсуде.

Сараптама нәтижесін күту кезінде жұмыс тобы жобаның ақпараттық сүйемелдеуін әрі қарай жалғастыра берді, жергілікті тұрғындармен жүргізілген сұхбаттар барысында басқа да рұқсатсыз үйінділер туралы ақпарат жинала берді. Бұдан басқа, қала тұрғындарының назарын осы проблемаға аудару үшін, экологиялық белсенділер ақпараттық кампания өткізді, оның ішінде үлкендер мен балаларға арналған «Әлемді тазалықпен



толтырайық» акциясы мен «Қарағанды қаласы мен оның жанындағы рұқсатсыз үйінділер» атты фотокөрме ұйымдастырды.

Зерттелген нысандардың топырағы мен су сынамасының нәтижесі рұқсатсыз үйінділер қоршаған ортаға да, адам денсаулығына да жасырын химиялық қатер төнгізетіндігін дәлелдеді. Топырақ пен судың тәжірибелік үлгісінде ауыр металдар мен басқа химиялық қосылыстардың: оның ішінде қорғасын ( 2-ден 25-ке дейін), күшләл (15 -ке дейін), хром (13-тен 130-ға дейін), мыс (20-дан



65 есе) шектемелі рұқсат шоғырланудың асып түсуі байқалды.

Жоба нәтижелері Қарағанды қаласының аймағында рұқсатсыз үйінділерді жою мәселелерін шешуге мүдделі және жауапты мемлекеттік және жеке меншік мекемелердің өкілдері қатысқан дөңгелек үстелде айтылды.

Кездесу барысында Қарағанды мен оның маңайында рұқсатсыз үйінділердің пайда болуына әсер ететін бірқатар проблемалар анықталды. Кездесуге қатысушылардың барлығы стихиялы үйінділерді қысқарту мен жою үшін кешенді әдіс қажет екендігін атап көрсетті, сонымен қатар кейін талқылау үшін мемлекеттік органдар мен мекемелерге берілген бірқатар ұсыныстар жасалды.

Тікелей нәтижеден басқа, жобаның тағы бір жетістігі онда көптеген қоғамдық топтар қатысты: қала тұрғындары рұқсатсыз үйінділер туралы ақпарат беріп, ақпараттық акцияларға белсене қатысты; студенттер мен оқушылар топтары зерттелетін нысандарға барды, сынама жинау, тұрғындардан сауалнама алу, жоба нәтижесі бойынша мемлекеттік органдарға арналған ұсыныстар дайындауға қатысты.

Жоба аймақтағы рұқсатсыз үйінділерді анықтау, жою мен алдын алу жұмыстарын жүзеге асыруға түрткі болды.



# ҰЛТТЫҚ САЯБАҚТАРДЫ ҚАЛАЙ ҚОРҒАДЫҚ

«Жасыл құтқару» экологиялық қоғамы  
Алматы қ., Шағабутдинов көшесі, 58, 28-пәтер.  
Тел.: +7 (727) 234-17-60, 253-62-56  
E-mail: [gsalmaty@gmail.com](mailto:gsalmaty@gmail.com)  
[www.esgrs.org](http://www.esgrs.org)


Қазақстанның байлығы туралы сөз болғанда, көбі мұнай, газ, уран, ... айтады, алайда, табиғаттың бағалы бұрыштары – ұлттық саябақтар туралы ешкімнің ойына кірмейді. Олардың мақсаты мен ерекше мәртебесі туралы тіпті мемлекеттік шенеуніктер де ұмытып кетеді, сондықтан ерекше қорғалатын аймақтар қауіпке ұшырайды.

2008 жылы «Kazakhstan Electricity Grid Operating Company» Қазақстан электр желілерін басқару компаниясы» Акционерлік қоғамы (KEGOC) Бүкіләлемдік банкіге электр берудің екі жоғары вольтті желісін (ЭБЖ) салуға қаржыландыру туралы өтініш берді. Олар Шарын өзеніндегі Мойнақ СЭС



мен жұмыс жасап жатқан желілерді байланыстыру үшін керек еді. Ұзындығы 119,1 км және 214,7 км болатын электр желілерін «Алтын-Емел» және Шарын табиғи саябақтары үстімен тарту жоспарланған.

Жоба Қазақстан Республикасының «Ерекше



қорғалатын табиғи аймақтар туралы» Заңы бойынша ұлттық саябақтарда оның мақсатына сай келмейтін кез-келген әрекетке тыйым салынғанына қарамай жоспарланған. Осы сияқты тыйым Жер кодексінде де бар.

Жоба дайындаушылары ЭБЖ ұлттық саябақ табиғатына ешқандай нұқсан келтірмейді деген пікір білдірді. Шын мәнінде, оның құрылысы мен эксплуатациясы өсімдіктерге зиян тигізіп, жануарлардың тіршілік ету ортасын бұзады, үлкен эстетикалық құндылығы мен туристік тартымдылығы бар табиғи ландшафтты құртады, ал бұларды бұзу – Бүкіләлемдік банктің Операциялық саясатына қарсы болады. Банк түрлердің табиғи тіршілік ареалын деградациялайтын немесе едәуір өзгеріске ұшырататын жобаларды қолдамайды.

Міне, парадокс, жоба Орман және аң шаруашылығы комитеті мен саябақ дирекциясымен келісілмеген. Мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізгенде, ЭБЖ салу екі ұлттық саябақ аймағы бойынша жоспарланғаны есепке алынбаған. Мүдделі жұртшылықпен жоба құрылысын талқылауда Орхусс конвенциясы мен Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексін бұзу орын

алған.

«Жасыл құтқару» экологиялық қоғамы ұлттық саябақ аймағында ЭБЖ құрылысын жүргізуге қарсы тұрып, ақпараттық кампанияны бастады.

2009 жылдың наурызында «Жасыл құтқару» ЭҚ сайтында «KEGOC жоспары – ұлттық саябақтарға төнген қатер» атты парақша ашты, онда кампанияның барлық материалдары жарияланды. Ұйымның серіктесі болып табылатын Bankwatch (CEE Bankwatch Network) Орталық және Шығыс Европадағы үкіметтік емес ұйымдар желісі де өз сайтында ЭБЖ құрылысына қарсылықты қолдауға шақырған және Бүкіләлемдік банкке хат жолдау туралы үндеу жариялады.

2009 жылы мамырда Президент атына, парламентке, Қазақстан Республикасы министрлігіне, KEGOCқа және Бүкіләлемдік банкке ұлттық заңнаманы бұзатын жобаны қаржыландыру мен жүзеге асыруды тоқтатуды талап еткен ашық хат дайындалды. Хатта электр беру желілерін ұлттық саябақ шекарасынан тыс жерлермен өткізу ұсынылды. Хатты Қазақстанның, Қырғызстанның, Өзбекстанның, Түркменстанның, Ресей мен Украинаның тұрғындары мен қоғамдық ұйымдары

қолдады. Хат қоғамда үлкен резонанс тудырды.

«Жасыл құтқарудың» қызметі мен жұртшылықтың белсенді қолдауы арқасында парламент пен уәкілетті органдар жобаның Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзатындығын мойындауға мәжбүр болды. KEGOCқа жобаны өзгерту туралы ұсыныс жасалды. Компания мамандар мен жұртшылықтың пікірін есепке ала отырып, жобаны түзеткеннен кейін ғана Бүкіләлемдік банк сұранысты қаржыландыра бастады.

2013 жылы электр беру желісі салынды. Қалалар мен селолар электр энергиясын алды, сонымен қатар ұлттық саябақ табиғаттары да зардап шеккен жоқ.

# ҚОҒАМДЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МОНИТОРИНГ – ЖАСЫЛ ДАМУ ҚҰРАЛЫ

«Отражение» ҚҰ,  
Қарағанды облысы  
Теміртау қаласы  
Теміртау көшесі, 1  
E-mail: [varganova\\_elena@mail.ru](mailto:varganova_elena@mail.ru)  
Директор: Елена Варганова

Теміртау қаласы Қазақстан Республикасының ірі өнеркәсіп орталығы болып табылады. Қалада әлеуетті ластаушылар көзі 700 кәсіпорын мен кәсіпкерлікпен айналысатын тұлғалар болып табылады. 140-тан астам кәсіпорынның қоршаған ортаға эмиссияға (шығарылым) рұқсат алады. Осылардың ішінде ең ірі ластаушылар «Арселор Миталл Теміртау», ТЭМК, «Bassel Group» пен «ЦентрАзияЦемент» болып табылады. Экологиялық қызметтердің деректері бойынша, жыл сайынғы барлық зиянды шығарылымдардың 95-97% осы төрт кәсіпорынның үлесіне тиесілі және жылына



шығарылатын ластаушы заттардың көлемі 300-350 мың тоннаны құрайды. Осы кәсіпорындардың басшыларының сөзі бойынша, олар «экологиялық проблемаларды шешуге қыруар қаржы жұмсайды екен», алайда қаланың экологиялық жағдайы одан жақсарып жатқан жоқ. Атмосфераның ластану индексі бойынша Теміртау ел бойынша екінші

орында! Қоршаған орта жағдайының мониторингі тек күндіз және жұмыс күндерінде ғана жұмыс жасайтын «Қазгидромет» РМК-ның үш бекетімен ғана шектеледі.

Осының барлығы 2014 жылы «Отражение» ҚҰ жүзеге асырған «Қоғамдық экологиялық мониторинг – Жасыл дамудың құралы» жобасының алғы шарттары болды. Бастама Қарағанды облысы Теміртау қаласындағы қолайлы қоршаған ортаға деген азаматтардың құқығын жүзеге асырудағы жергілікті билік саясатында қоғамның қатысу ролін күшейтуге бағытталған.

Жоба аясында қалада қоғамдық экологиялық мониторинг жүйесін енгізу шешілді. Ол үшін 3 дөңгелек үстел өткізілді, олардың жұмысына үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, қалалық билік, бизнес-құрылымдар, ЖОО студенттері, БАҚ, жергілікті тұрғындар қатысты. Аталған іс-шаралар аясында қатысушылар қоғамдық мониторинг өткізу ұстанымымен танысты және аталған жұмыстың Теміртау қаласының химиялық қауіпсіздігін қалай қамтамасыз ететіндігі туралы білді.

Жобаны жүзеге асырудың келесі кезеңі белсенділер тобын экологиялық мониторинг жүргізу

негіздеріне үйрету болды. 45 адам дайындықтан өтті, оның ішінде Теміртау политехникалық колледжінің студенттері мен қала тіршілігіне бейтарап қарамайтын қарапайым тұрғындар бар. 15 жас жігіттер мен қыздар «Жасыл» желі дабылы бойынша үнемі экспресс-бақылау жасап отырды. Аталған телефон желісі жоба аясында құрылды және қоршаған ортаға төгілген мүмкін химиялық ластаулар туралы азаматтардың кез-келген шағымына (қауіпті қоқыс қалдықтарының үйіндісі, ауадағы бөтен иістердің болуы және т.б.) назар аударып отырады. Тек 2014 жылдың 6 айында азаматтардан 148 шағым қабылданды, олардың көбісінің негіздемесін «Элиос» әмбебап портативті экспресс-зертхана көмегімен газ-ауа және су ортасына экспресс-бақылау жүргізген қоғамдық мониторинг тобы дәлелдеді. «Жасыл» желінің зейнеткерлерден жасақталған қала ауасының тазалығын бақылап отыратын тұрақты инспекторлары да пайда болды.

Жобаның маңызды кезеңі – мектеп пәндерінің тақырыптарын химиялық қауіпсіздікпен кіріктіруге бағытталған мектеп мұғалімдеріне арналған әдістемелік семинарлардың өткізілуі болды. Аталған

бағытты жүзеге асыру жас ұрпақтың азаматтық ұстанымын белсенділендіруге және экомониторингі әрі қарай дамытуға алғышарттар тудырды.

Жобаның қорытынды кезеңінде қаланың қоғамдық ұйымдарымен, жергілікті қауымдастықпен және жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен кездесу өткізілді. Іс-шара аясында жобаға қатысушылар жобаның нәтижесі мен Теміртау қаласының химиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша әрі қарайғы ортақ қадамдар туралы ақылдасты.

Көп адамдардың қызығушылығы жобаның тұрақтылығына әсер етті. Қалада осы күнге дейін «Жасыл» желі жұмыс жасайды, ал экологиялық мониторингті оқушылардың, студенттер мен зейнеткерлердің бастамашыл топтары үнемі өткізіп отырады.





# ҚОҒАМДЫҚ МОНИТОРИНГ СЕЛОЛЫҚТАРДЫ САПАЛЫ СУМЕН ЖАБДЫҚТАУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ

«Ангел» қоғамдық бірлестігі,  
Атбасар қ., Ақмола облысы  
E-mail: [ngoangel@mail.ru](mailto:ngoangel@mail.ru)  
Қоғамдық мониторинг бойынша бағдарлама  
сайты: <http://ompp.kz>  
Директор – Людмила Петрова

«Ангел» қоғамдық бірлестігі 2004 жылдан бері сумен қамтуды дамыту бағдарламалары бойынша қоғамдық мониторинг мәселелерімен айналысады. Ұйым жасақтаған бейресми сарапшылар желісі облыстағы қоғамдық мониторинг бойынша едәуір тәжірибе жинақтады, ұйым мүшелері осы жинақталған тәжірибемен әріптестерімен және мүдделі тараптармен белсенді бөліседі.

«Ангел» ҚБ «Ақ бұлақ-2020» сумен жабдықтауды дамыту мемлекеттік бағдарламасын жүзеге



асырудың қоғамдық мониторингі бойынша жүргізген тәжірибелік жұмысы ерекше назар

аударуға тұрарлық. Жоба 2012 жылы Ақмола облысында басталды, кейін қолданылған әдістердің тиімділігі арқасында, серіктестер мен жобалық облыста беске дейін көбейді:

- Ақмола («Алтын дала» ҚҚ),
- Алматы («Әлеуметтік сараптама және серіктестік орталығы» ҚҚ),
- Ақтөбе («ЭлитАгро» ҚҚ),
- Атырау (Жайық–Каспий Орхусс Орталығы),
- Жамбыл («Жабағылы-Манас» Тау клубы ҚБ).

«Ақ бұлақ» бағдарламасының мақсаты қандай



және оның мониторинг жүргізу қажеттілігі қайдан пайда болды?

«Ақ бұлақ» сумен қамтуды дамыту бағдарламасын 2010 жылы Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдады және бағдарлама 2020 жылға дейін есептелген. Аталған бағдарлама аясында селолықтардың үйлеріне су тарту мен су өлшегіш құралдарды орнату жоспарланған. Ауыз сумен қамтуға қыруар қаржы жұмсалуда (бүкіл республика бойынша жұмыстарды жүргізуге қаржыландыру жобамен 1,3 трлн теңге). Алайда «Ақ бұлақ» бағдарламасы аясындағы жүргізіліп жатқан жұмыс сапасы әлі де болса жетілдіруді талап етеді. Жобаны іске асыруды бастаған алғашқы күндерден бастап-ақ тұрғындар тарапынан, әсіресе шалғай аудандардың тұрғындарынан шағым түсе бастады: селодағы әлеуметтік деңгейдің төмендігіне қарамастан, үйлерге су тарту құны өте қымбат. Көптеген аймақтардағы су құбырлары қыста қатып қалып жатты, осының салдарынан ауыл тұрғындары ауыз сусыз қалып отырды. Трубаны дұрыс салмағандықтан, жаңа трубалардың жарылуы да болған жағдайлар болды. Жүргізілген жұмыстан кейін көп лай қалып отырған, асфальт жабындыларын

жұмыстан кейін қалпына келтірмей тастап кеткен, жасыл көшеттерді орынсыз кесіп тастаған. Жөндеу, құрылыс жұмыстарының мерзімдері жиі бұзылып отырған және бұл тізімді әрі қарай жалғастыра беруге болады.

«Ақ бұлақ» бағдарламасын жүзеге асыруға үкіметтік емес ұйымдар қалай әсер етті? Суға зәру селолық жерлерде құрылыс объектілері / су құбырларын қайта жөндеу бойынша жергілікті тұрғындарды тарту арқылы қоғамдық мониторинг өткізілді. Қоғамдық мониторинг – бұл азаматтардың шағымы мен өтініштерін қарайтын кезекті канал емес, бағдарламаны жүзеге асыру тиімділігі мен қызмет сапасын жүйелі жақсарту құралы. Қоғамдық мониторингті мемлекеттік органдардың кері байланыс каналдарының алмастырушысы немесе сапаны ішкі бақылау механизмі ретінде қарастыруға мүлдем болмайды. Қоғамдық мониторинг бағдарламаны жүзеге асыру/жұртшылық тарапынан, әсіресе, азаматтар тарапынан қызмет көрсетуге баға береді.

Айта кету керек, қоғамдық мониторинг жүйесін ұйымдастыру барлық аймақтарда үкіметтік емес ұйымдардың мемлекеттік мекемелермен және

басқа да мүдделі ведомстволармен тығыз байланыста жүзеге асырылды. Барлық аймақтардағы серіктес-ұйымдар тұрғындармен жұмыс жүргізді, адамдарға ақпарат таратып, селолықтарды жергілікті атқару органдары, мердігерлер шақырылатын қоғамдық тыңдалымдарға белсене қатысуға үгіттеді.

Бағдарлама аясында қызмет көрсетуге қоғамдық ұйымдар әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолданды:

- Ресми сұраныстар негізінде алынған ақпаратты сараптау және оны шынайы жағдаймен салыстыру.

- «Сенім телефоны» жедел желісінің жұмысы

- Сауалнама жүргізу.

- Жұртшылықты сауалнамалау (жеке, көшеде, топтық, телефон арқылы сұрау әдісі).

- Үкіметтік емес ұйымдардың қызметі туралы «ұжымдық бейне» әдістемесі бойынша түсіндірме семинарлар мен селолық тұрғындар үшін ұжымдық бейне технологиясына үйретуге арналған тренингтердің бейнероликтерін түсіру.

Өкінішке орай, қоғамдық мониторинг өткізілген барлық объектілерде мерзім шегі бойынша



бұзушылық, «Ақ бұлақ» мемлекеттік бағдарламасы аясында сумен қамту жобаларын жүзеге асыруда көптеген ақаулар мен ескертулер болды. Алайда үкіметтік емес ұйымдар мен тұрғындардың тығыз байланысы арқасында ақаулар туралы жауапты тұлғалар дер кезінде хабарланып, ескертулерге назар аударып, осының нәтижесінде жағдай жақсы жаққа қарай бет бұрды.

Жалпы, қорытындылай келе, «Ангел» ҚБ мен серіктес-ұйымдар Қазақстанның селолық аудандарында ұйымдастырған «Ақ бұлақ» бағдарла-

масының қоғамдық мониторингі мүмкіндік берді:

- Селолықтарды сумен қамтуға бағытталған бағдарламаларды жүзеге асыру тиімділігін бағалауға.

- Селоларда су құбырларын салуға бөлінген қаржының тиімсіз пайдалану фактілерін анықтау және олардың алдын алу; материалдардың сапасыз материалға ауыстырылуына жол бермеу; жұмыс барысын бақылап отыру (мысалы, траншеялардың тереңдігін); үйлеріне су тартқаны үшін тұрғындардан заңсыз көп ақша жинауды болдырмау және т.б.

- Құрылыс жұмыстарының қоршаған ортаға әсерін бағалау.

- Тұрғындардың пікірлерімен танысу. Селолық жерлерде су құбырын салу мен қызмет көрсетуге байланысты қызмет түрлерінің сапасын қамтамасыз ету.

- Тұрғындардың әлеуметтік белсенділіктері мен мемлекеттік бағдарламаларды дайындау мен жүзеге асыруда қоғамдық қатысудың ролін көтеру.

- Әлеуметтік қысымды азайту үшін билік өкілдері мен жұртшылық арасында конструктивті диалог құру қажет.

«Қоғамдық мониторинг бюджеттік қаражатты

пайдалану тиімділігін бағалау құралы ретінде екі жаққа да, мемлекетке де, тұрғындарға да маңызды. Қоғамдық мониторинг арқасында мемлекеттік бағдарламаларды бағалау процесіне азаматтарды тарту жанданды, ал бұл мемлекет көрсететін қызметтер сапасының жоғарылауына әкелді – деп бағалайды Людмила Петрова, жобаның үйлестірушісі – Адамдар өздерінің құқықтары туралы білгенде, олар бақылау жүргізе бастайды. Әрине, мердігерлер таңданады, дауласа бастайды, олар тек тапсырысшылармен ғана сөйлесеміз деп те шығады. Ал адамдар болса өздерінің қатысуын жай ғана «Олар біз үшін тапсырыс берді» деп жай, заңды әрі негізді түрде дәлелдейді.

Жоба аясында жеткен жеңістер қоғамдық мониторинг пен бағалау қоғамда норма болатын кез келгендігін көрсетті. Азаматтардың көрсетілетін қызмет сапасын бағалауға қатысуы Бағдарламаны жергілікті жерде жобалау/дайындау кезеңінен бастап объектіні тапсырғанға дейін жүргізу қажет. Соңғы қабылдап алушы халық болғандықтан, бағалауды да азаматтар жүргізу қажет.

Егер тұрғындар өздерінің белсенділіктеріне өмірлерінің қолайлық деңгейі тәуелді екендігін

білсе, алған білімдерін әрі қарай да пайдалана берері сөзсіз.



# AUAGROUP.KZ – АЛМАТЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ПРОБЛЕМАЛАРЫН ШЕШУГЕ АРНАЛҒАН ЖОБА

«Common Sense» қоғамдық қоры,

«AUA» бастамашыл тобы

E-mail: [almatyurbanair@gmail.com](mailto:almatyurbanair@gmail.com)

Ұйымның сайты: [www.commonsense.space](http://www.commonsense.space)

Жобаның сайты: [www.auagroup.kz](http://www.auagroup.kz)

Мобильді қосымша:

Жобаның үйлестірушілері – Асия Тулесова,

Анель Молдахметова

«Common Sense» қоғамдық қоры көптеген алматылықтарға өздерінің қала тіршілігін жақсартуға байланысты бастамаларымен жақсы таныс. Алматының жатын аудандарының бірінде қордың көмегімен ашылып, бүгінде көршілер жиналып, концерттер мен қоғамдық іс-шаралар өткізілетін орынға айналған комьюнити-парк қала тұрғындарының көңілінен шықты. Алматының



жастарына Apple Hero экологиялық қосымшасы ұнады, ол квест-ойынға ұқсайды, онда қала – қазына картасы ретінде көрсетілген де, ал ерлік – әркімнің күнделікті өмірде қолынан келетін денсаулыққа

пайдалы және экологияға достығын көрсететін әрекеттер ретінде берілген.

2015 жылдың қарашасында Common Sense жұртышылық назарына өзінің жаңа жобасы - AUA (Almaty Urban Air - <http://almatyurbanair.kz>) мобильді қосымшасы мен сайтын ұсынды, ол іс жүзіндегі Алматы қаласының ауасындағы РМ10 (диаметрі 10 микроннан аз болғандықтан, тыныс алу жолдарына терең еніп, денсаулыққа ауыр зардап тигізетін қатты бөлшектер) шаң бөлшектерінің шоғырлануының өзгеруін бақылауға мүмкіндік береді. Бұл өлшеулерді С.Асфендияров атындағы Медицина университетінің аймағында орналасқан ВАН-1020 шаң өлшеуіші жүзеге асырған.


AUA қосымшасы ауаның ағымдағы ластану деңгейін көрсетіп, температура мен ылғал деңгейі туралы ақпараттандырып қана қоймайды, сонымен бірге қалалықтарға қай кезде жаяу жүргеннің дұрыстығы, көшеде спортпен айналысу немесе үйде қалу әлде тауға шығып кету керек пе деген мәселелер бойынша ұсыныстар береді. Қосымшаның қосылған алғашқы күндерінен бастап-ақ, ұйым тұрғындардан жағымды пікірлер ала бастады, адамдар қала ауасының сапасы туралы ақпарат

тұңғыш рет қарапайым азаматтарға қол жетімді болғандығын атап көрсетті. Бір ай ішінде қосымшаны көшіріп алғандар саны 8 мыңға дейін жетті.

Алайда қосымша аз ғана уақыт жұмыс жасады. 2015 жылдың 5 желтоқсанында қордың ресми парақшасында: «Құралды тестілеу мен калибрлеуге байланысты дерек жинау уақытша тоқтатылды. Дерек жинаудың қалпына келтірілгендігі туралы жақын арада қосымша хабарлаймыз», - деген хабарландыру пайда болды. Бұл «Қазгидромет» РМК жазған бағдарлама авторларының атмосфералық ауаның ластану деңгейін өлшеу үшін қолданатын қондырғыға сертификат пен қажетті құжаттары жоқ, ал бұл заңға қайшы деп жазған өтінішінен кейін болған еді. Almaty Urban Air құрастырушылары да қол қусырып отырған жоқ, олар шаң өлшегішті Астанаға калибрлеуге жіберді, 29 ақпанда Қазақстан метрология институты шаң өлшегіштің санаты мен жұмыс жағдайын дәлелдейтін сертификат берді. Бірақ бұл да қосымшаның жұмысын қалпына келтіруге көмектеспеді – аяқ астынан жаңа бөгеттер «шыға келді»: қоршаған орта жағдайы мониторингі, метеорологиялық және

гидрологиялық деректер саласы бойынша «Қазгидромет» РМК мемлекеттік монополист болғандықтан, ауа мониторингінің нәтижелерін қоғамдық қор трансляциялай алмайды. Қор жоба аясындағы ауа мониторингін әрі қарай трансляциялау мәселесі бойынша Энергетика министрлігіне «Қазгидромет» РМК болған жағдайды реттеу мүмкіндігін қарастыруды сұрап үндеу-хат дайындады.

Қазгидрометпен мәселе шешілгенше, АУА қосымшасы уақытша қолжетімді болмады, ал қор жаңа жоба бойынша жұмысты бастады. Осы уақыт аралығында балалар Алматының ауасы туралы мәселенің өте күрделі екендігін түсінді, деректерге қол жеткізу қиын болғандықтан, олар бұл рәсімді барлығы үшін жеңілдетуге шешім қабылдады. Қор ауа ластануы туралы барлық ақпаратты жинақтау және адамдарға осы проблеманы ұғуға көмектесу үшін сарапшылар, белсенділер мен әртүрлі үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерінен құралған команда құрылатыны туралы ақпарат жариялады. 2016 жылдың маусымында қоршаған ортаны қорғау мен тұрғындар денсаулығы саласы бойынша мемлекеттік органдардың ресми жауаптарынан, дерек



көздерінен, бюллетеньдерден, анықтамалықтар мен оқу құралдарынан, кодекстер, заңдар мен нормативті-құқықтық құжаттардан жинақталған ақпарат алуға болатын [WWW.AUAGROUP.KZ](http://WWW.AUAGROUP.KZ) сайты ашылды. Кейін, сайт туралы айта отырып, жобаның үйлестірушісі Асия Түлесова ресурстың оқырманын нақты сипаттап берді: «Қазіргі біздің мақалалары-



мыздың көп бөлігі өзіміз өткізіп отырған зерттеулер мен материалдарға сүйенгендіктен, оларда терминдер мен мамандандырылған ақпарат өте көп. Әрине, бұл оқу үшін жеңіл материал емес, сондықтан біздің оқырмандар – зерделі оқырман, ол: «Ия, бұл күрделі тақырып, маған бәрібір болмағандықтан, мен бұл тақырыпты зерделеп, түсінуге тырысамын. Мен біздің қаламызды одан әрі жақсарту үшін, оқуға және басқаларға үйретуге дайынмын», - дейді».

Сайттың «Алматының ауасы» рубрикасында ауа ластану мониторингі процесімен танысуға, ластануды бақылау картасын көруге, ауа сапасының көрсеткіштері мен нормасы деген не екенін білуге болады, сонымен қатар нормаларды Алматының шынайы көрсеткіштерімен салыстыруға да болады. «Әлемнің ауасы» рубрикасынан қазірдің өзінде Қытайда, Ұлыбританияда, Нидерландыда лас ауамен не істейтінін көруге болады.

Almaty Urban Air мобильді қосымшасы App Store мен Google Play тек 2017 жылдың 3 қаңтарында ғана қайта және жаңа версияда қосылды. Бұл тек алматылықтар үшін ғана емес, көптеген қазақстандықтар үшін қуанышты хабар болды. Қосымша

жұмысының қайта қалпына келтірілуін қазақстандықтар азаматтық қоғамның экологиялық ақпарат алу мен қоршаған орта сапасының тәуелсіз мониторингін жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз етудің үлкен жеңісі ретінде қабылдады.

Қазір қосымша PM<sub>2,5</sub> бөлшектерінің шоғырлануы есебінен ауадағы өзгерістерді қадағалауда, олар PM<sub>10</sub>-ға қарағанда ұсақ, ағзаның биологиялық кедергілерін жеңіл жеңе алады, сондықтан да адам денсаулығы үшін үлкен қауіп төндіреді. Өлшеулер Қазгидромет мақұлдаған BAM-1020 шаң өлшегішімен өлшенетінін айта кету керек.

Жаңартылған АUA қосымшасы ауаның ағымдағы қалпын қадағалап қана қоймайды, сонымен бірге ауадағы бөлшектердің орта тәуліктік және орта айлық шоғырлануын келтіреді. PM<sub>2,5</sub> бөлшектерінің шоғырлануы рұқсат етілген нормаларға қаншалықты сәйкес екендігін 0,035 мг/м<sup>3</sup> орта тәуліктік рұқсат етілген шаң шоғырлануын графиктегі көлденең пунктирлі сызық көрсетеді.

АUA қосымшасы Алматы тұрғындарының ауаның ластану проблемалары туралы ақпараттануы мен қалалық жоспарлау стратегиясын жақсартудың іргетасын қалады.

# СӘЙКЕССІЗ АЛМАСТЫРУ: ЮНЕСКОНЫҢ БҮКІЛӘЛЕМДІК МҰРАСЫН ГАЗ КЕН ОРНЫНА

«Қолдау-Қазақстан» көпсалалы коммерциялық емес холдингі» жеке меншік мекемесінің «Қолдау-Экология» мамандандырылған орталығы

Ақтау қ., 33 мөлтекаудан, 20-үй, 98- кеңсе

Тел.: +77292776179

E-mail: [koldau.eko@mail.ru](mailto:koldau.eko@mail.ru)

Жоба үйлестірушісі – Адильбек Козыбаков

11 желтоқсан 2015 жылы Ақтауда өткен қоғамдық тыңдалымда сарапшылар Қазақстанда ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік табиғи және мәдени жаңа нысаны – ерекше қорғалатын табиғат аймақтары пайда болуы мүмкін екендігін айтты, бұл табиғат аймақтарына «Үстірт» табиғи қорығы, «Қызылсай» аймақтық табиғи саябағы, «Жабайыұшқан», «Манашы», «Есет», «Көлеңкелі»



қорықшалары, әрі ерекше қорғалатын табиғи аймақ мәртебесіне ие болмаған: Түпқараған ауданындағы Жығылған шатқалы, Маңғыстау ауданындағы шар тас алқаптары және Өзбекстан мен Түркменстан

шекарасында орналасқан Қаптанқыр шыңы жатады. Алайда аймақтың номинациялануына үлкен кедергі туып отыр, ол – Үстірт қорығының оңтүстік шекарасының тура жанындағы Қансу газ кен орнын өңдеуге байланысты жоспарлар болып отыр. Сарапшылардың пікірінше, аталған кен орнын өңдеуді жалғастыру – қорықтың экожүйесіне кері әсер етіп, одан әрі оны кеңейту мен ЮНЕСКОның Бүкіләлемдік табиғи мұра нысанына номинациялау жоспарын апатты зардаптарға соқтырары сөзсіз. Мазасыздық факторы мен кен орнының инфрақұрылымының дамуы нәтижесінде пайда болатын браконьерлік деңгейі қорықтың оңтүстік бөлігіндегі барлық ірі, оның ішінде Қазақстан Республикасының және Халықаралық табиғат қорғау одағының Қызыл кітабына енгізілген жануарлар мен құстардың жойылып кетуіне әкелуі мүмкін.

«Қансу» кен орнымен қауіпті көршілікті қорық 2015 жылдың көктемінде байқады, осы жылы кен орнында сейсмикалық барлау жұмыстары өткізілген болатын. Сейсмикалық барлау жұмыстарына ірі көлемді техника қолданылғандықтан, Үстірт мемлекеттік қорығына жақын орналасқан Кендірлі-Қаясан мемлекеттік табиғи қорық аймағының

өсімдік және топырақ жабындыларына зиян келтірілді. Кен орнындағы жүргізілген жұмыстарға байланысты туындаған мазасыздық факторы нәтижесінде қарақұйрықтар санының азаюына соқтырып, тіршілік ету ареалын қысқартуға әкелді.



Ерекше қорғалатын табиға аймақ пен биоәртүрлілік мамандары «Қансу» кен орнын өңдеудің экожүйе мен Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген түрлер үшін зардабы өте жағымсыз болатындығын бірауыздан мақұлдауда.

Осының барлығына қарамай, 2016 жылдың қыркүйегінде Маңғыстау облысының әкімшілігі арнайы көшпелі отырысында Үстіртті бүкіләлемдік тізім номинанттары қатарына ұсынуды мақсатқа сай емес деп шешті. Шенеуніктердің пікірі бойынша, газ өңдеген әлдеқайда пайдалы - бұл аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына жағымды әсерін тигізеді екен. Қорықтың қосалқы аймағында орналасқан «Қансу» кен орнын өңдеумен «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының еншілес кәсіпорыны «ҚМГ – Қансу Оперейтинг» айналысады. ЖШС өкілінің айтуынша, одан бұрынғы өткен қоғамдық тыңдалымда жергілікті тұрғындар «газ өндірушілерді» қолдапты. Экологтар берген деректерді құлаққа аспаған жергілікті билік, ауыр құрылыс техникасынан табиғи қорғаудағы аймақ зардап шекпейтініне сенімді.

Газ кен орнын өңдеу компаниясының мүддесін қорғаушылар жергілікті тұрғындар, билік

пен мен мұнай газ компаниясы өкілдері алдында Аққұдық және Сенек елді мекендерінің тұрғындарын жұмыспен қамтитындықтарын дәлел етеді. «ҚМГ – Қансу Оперейтинг» кен орны ашылғаннан кейін 300 жұмыс орнымен қамтамасыз етеді деп уәде етуде. Алайда осы 300-дің ішіндегі қанша жұмыс орны жергілікті тұрғындарға тиетіндігін ашып айтпайды. Қоғамдық ұйым өкілдері, аймақтың күйінішті тәжірибесіне сүйене отырып, жұмыс орнының көбін шетелдіктер мен басқа аймақтардан келген жұмыскерлер алады дейді. Ал жергілікті тұрғындардың үлесіне әрі кетсе, жиырма шақты «қосалқы» вакансия ғана тиеді. Қоғамдық ұйым мүшелері Үстірт қорығын әрі қарай дамыту мен Бүкіләлемдік мұра мәртебесін беру экотуризм, ұлттық қолөнер мен органикалық ауыл шаруашылығын дамытуға мүмкіндік береді, ал бұл даму, өз кезегінде, жергілікті тұрғындардың әл-ауқатының өсуіне әкеледі дейді.

«Қолдау-Экология» Орталығының мамандары Әкімшілік пен мұнай өндіруші компанияның шешімімен келісе қоймады, олар Маңғыстау облысы Қансу газ кен орны бойынша мемлекеттік экологиялық сараптамаға күдіктеніп, 2016 жылдың

15 желтоқсанында Маңғыстау облысының Экология департаментіне тиісті хат жіберді.

Құжаттарды зерттеу барысында, Орталық мамандары қызық фактіге тап болды: 2014 жылдың 30 желтоқсанында «ҚМГ – Қансу Оперейтинг» ЖШС-нің мемлекеттік экологиялық сараптамаға ұсынылған жобасына келісім берген (Қансу кен орнының №1, 3, 4, 6, 7, 15 жойылған скважиналарын қалпына келтіруге топтық жоба). Алайда жоба келісімі «жұмысты бастағанға дейін Маңғыстау облыстық орман және аң шаруашалығының аймақтық инспекциясынан келісім алу» шартымен қойылған. Ұйым мүшелері түсініктеме сұрап облыстық орман шаруашылығы мен жануарлар әлемі аймақтық инспекциясына жүгінді. Жойылған скважиналарды қалпына келтіруге байланысты жоба орман шаруашылығы мен жануарлар әлемі Комитетімен келісілген деген жауап келді. Бірақ, ұзақ хат алмасудың соңында Комитеттің де келісін алмағаны анықталды. Яғни, бұл міндетті рәсімдер орындалмады, заң бұзушылық болды деген сөз. Ұйым мүшелерінің айтуынша, бұл факт Қансу кен орнындағы жойылған скважиналарды қалпына келтіру жобасы бойынша мемлекеттік сараптама



мен басқа да құжаттардың (жоба бойынша МЭС, «Қазақстан Республикасы Маңғыстау облысындағы Қансу 2Д-3Д учаскелерінде сейсмикалық барлау жұмыстарын жүргізуге техникалық жоба» бойынша МЭС, 05.02.2015 жылы берілген «Қоршаған ортаға әсерді бағалау», 17.06.2016 жылғы «Үстірт мемлекеттік қорығын бірегей табиғи және мәдени мұра ретінде ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұрасының нысандарының тізіміне енгізуді ұсыну мәселесін талқылау жиналысының хаттамасы») заңды күшін жояды.

Өздерінің әрекеттерімен қазақстандық қоғамдық ұйым мүшелері мен Ақтаудың экологтары Маңғыстаудағы табиғи және мәдени мұраны

сақтауда өздерінің мүдделері үшін бел шешіп күресетіндіктерін анық байқатады.

«Облыстық экология департаментін біздің дәлелдеріміз сендірер деп ойлаймыз. Олай болмаса Орхусс конвенциясының ережелеріне сәйкес әсер етудің басқа механизмдерін іске қосамыз», - дейді Қазақстанның биоәртүрлілікті сақтау ассоциациясының филиал төрағасы, «Қолдау-Экология» мамандандырылған орталығының жетекшісі Адильбек Козыбаков.

Орталықтың Маңғыстау облыстық экология департаментіне, облыс прокурорының атына және Орман шаруашылығы мен жануарлар әлемі комитетіне бірнеше мәрте жүгінуінен кейін мәселені

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы өз бақылауына алды.

Жұртшылықты Үстірт қорығы айналасындағы жағдай туралы ақпараттандыру және тұрғындарды аталған сұрақ бойынша шешім қабылдауға қатысуын қамтамасыз ету үшін 2017 жылдың қаңтар айында «Қолдау-Экология» орталығы белсенді ақпараттық кампания бастады және Үстірт қорығын ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұрасының тізіміне енгізуге номинациялауды қолдау үшін қол жинау жұмыстарын жүргізді. Қорықтың өзінің, қазақстандық және шетелдік зерттеушілердің материалдары бойынша бірегей Үстірт қыраты бойынша ақпараттық материалдар сериясы шықты.

2017 жылдың екі айының ішінде интерактивті дәрістер, ақпараттық кездесулер мен фотокөрмелерге 1000 артық адам қатысты, оның ішінде 985 (18 жоғары) қорықты қолдау петициясына өз қолдарын қойды. Ақтау мен Жаңаөзен көшелерінде еріктілер 300 қол жинады. Одан басқа, «Қолдау-Қазақстан» мекен-жайына қазақстандық үкіметтік емес ұйымдардан бірнеше қолдау хаттары келіп түсті.

Белсенділер хабарлағандай, жергілікті билік органдарының газ өндірушілерге ашық болысқа-



нына қарамастан, олар беріспек емес: қол жинау қорықтың оңтүстік шекарасындағы Қансу кен орнын өңдеуді тоқтатқанға не мораторий жариялағанға дейін жалғаса бермек. Үстірт табиғи қорығының бірегей табиғатын болашақ ұрпақ үшін сақтауға және ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұрасына жемісті номинациялануына сіз де атсалыса аласыз, ол үшін <http://ecocitizens.kz/petition> сілтемесіндегі онлайн-петицияға қол қойыңыз.



# НҰРА ӨЗЕНІ ҚАНША СЫНАП САҚТАП ЖАТЫР?

«Қарағанды облыстық экологиялық мұражайы» қоғамдық бірлестігі  
Қарағанды қ., Бұқар Жырау даңғылы, 47  
Тел./факс: (+7 (7212) 41-33-44  
E-mail: [ecomuseum@ecomuseum.kz](mailto:ecomuseum@ecomuseum.kz)  
[www.ecomuseum.kz](http://www.ecomuseum.kz)

Даму бойынша директор - Дмитрий Калмыков

«Жаңа, экологиялық қауіпсіз технологияларды енгізу орталығы» ҚҚ (CINEST)  
Қарағанды қ., Тәттімбет көш., 10 үй, 236 пәтер  
Тел. +77015138212,  
Факс +7 7212 413344  
E-mail: [ecodrom.center@gmail.com](mailto:ecodrom.center@gmail.com)  
Директор - Дана Ермолёнок

Нұра – республиканың маңызды өзендерінің бірі, ол екі облыс территориясы бойынша – Қарағанды және Ақмола облыстарымен ағып өтеді. Оның жалпы ұзындығы 910 км, су жинау алқабының жалпы көлемі – 50 000 км<sup>2</sup>. Нұра – Теңіз көлінің су қорын толтыратын жалғыз өзен.

1978 жылы қазақстандықтарды Бүкіләлемдік денсаулық сақтау хабаршысында жарияланған ақпарат таң қалдырды: Нұра өзені әлемдегі сынап қатысына байланысты ең лас өзен болып танылды. Балықшылар мен туристтердің сүйікті өзені уланған дегенге сену қиын еді.

Бәрі неден басталды? Өткен ғасырдың орта-





сында Теміртауда – Нұра жағасындағы өндірістік қалада – «Карбид» өндірістік бірлестігінің құрамына қарасты синтетикалық каучук шығаратын завод іске қосылды. Заводта көп мөлшерде ацетальдегид өндіре бастады, ал химиялық реакцияның катализаторы ретінде сынап тұздарын қолданды. Технологияның жетілмегендігінен пайдаланылған сынап процесс аяқталған соң ағын құбырына түсетін, одан барып ол өзенге түсіп отырған. Тек 1977 жылы ғана заводта сынаптан ағын суды тазалайтын қондырғыны пайдалануға берді. 1980 жылы синтетикалық каучук заводының тазалау қондырғылары қайта жөнделді. Ол уақытқа дейін сынап өзенде ғана емес, сонымен бірге өндірістік жайларда, канализациялық жүйелерде де жетерлік болды.

1997 жылы ацетальдегид өндірісі тоқтатылды, екіншіше орай, сынаппен ластанған жайлар мен тазалау қондырғыларында сынаптан арылту жұмыстарын жүргізбеді.

Заводтың жұмыс істеген 47 жылында өзенге, түрлі деректер бойынша, 150-ден 3000 тоннаға дейін сынап төгілген. Сынаптың жоғары шоғырлануы суда ғана емес, су жағасындағы топырақта да байқалған.. аса ластанған жердің ұзындығы 30 км асып кетті. Аса

ластанған аймақтарға Чкалово, Калининское, Самарканд, Гагаринское, Андронниковка, Тегісжол, Ростовка селолары да кірді.

Осы уақыт ішінде адамдар, әдет бойынша, өзеннен балық аулап, шомылып, осы сумен бау-бақшаларын суарып, содан шыққан өніммен қоректенді. Уақыт өтті. Барлығы ұмытылды.

2007 жылы Нұраны тазалайтынын естіген қазақстандықтар тағы бір елең етті. Бұл тағы бір апатқа ұшыратпас па екен деп адамдар алаңдай бастады. Мүмкін, су түбінде жатқан сынапқа тиіспей-ақ қою керек шығар. Жатыр ма өзіне жатыр ғой...

Адамдардың қорқынышы бос боып шықты.

Нұра өзені мен оған жапсарлас жерлерді тазалау қытайлық «CGS Overseas» компаниясының үлесіне тиді, ал жобаның жүзеге асырылу мониторингін австриялық «Posch&Partners» компаниясы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитетінің бақылауымен жүзеге асырды. Осы мақсатқа Бүкіләлемдік Даму мен Қайта құру банкі 39,1 млн АҚШ долларын берді, тағы қосымша 64,9 млн АҚШ долларын республикалық бюджеттен бөлінді. Жоба аясында арнайы салынған молада 3 млн кубометрден астам судан алынған,

уланған топырақ пен балшық көміледі деп жобаланған

Қарағанды ЭкоМұражайының экологтары мен «Жаңа, экологиялық қауіпсіз технологияларды енгізу орталығы» (CINEST) ең басынан бастап жобаның орындалуын қадағалап отырды және бірқатар бұзу әрекеттерін байқап, ол туралы қазақстандық билік өкілдері мен Бүкіләлемдік банкке хабарлады. Өзен жағалауындағы тұрғындар сынап қалдықтарын тиеген жүк көліктері үй арасымен жүреді, ал балалар эксковаторлардың жанында суға түседі, олар су түбінен қалдықтарды ешқандай қауіпсіздік шарттарын сақтамай ала береді деп шағымданды.

Фактілер анықталды және дәлелденді, алайда жұмысты қайта жасауға мердігерлерден ешкім талап ете алмады. Тазалау жұмыстары өткен соң оның сапасын да ешкім тексерген жоқ.

2012 жылы ЭкоМұражай Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитетіне хат жолдады, онда жоба орындалғаннан кейін өзен мен жақын орналасқан жерлерде сынап қатысының қандай екендігі туралы ақпарат беруді өтінді. Экологтардың алған жауаптары таң қаларлық болды: «Бұл деректер құпия». Міне, осылай, өзен



тазалаудың ұзақ уақытқа созылып әрі қымбатқа түскен нәтижесі қазақстандықтар үшін үлкен құпия болып шықты.

2014 жылдың жазында ЭкоМұражай мен CINEST Чехияның «Арника» үкіметтік емес ұйымының әріптестерімен бірігіп, Нұраға барып ұзақ уақытқа созылған және қымбатқа түскен өзен суын тазалау нәтижесін білу үшін одан топырақ пен су түбіндегі тұнбалардың 20 сынамасын алды, сонымен бірге өзендегі балық пен өзен жағалауындағы тұрғындардың үй құстарының

жұмыртқасынан да сынама алды.

Бірінші тексеру сынаманың үштен бірінде сынап қатысының өте үлкен көрсеткіші – 10 мг/кгд анықталды. Ең көп ластану теміртаулықтардың саяжайлары орналасқан Қызыл Жартас тұсынан алынған су тұнбасында анықталды. Бұл жердегі сынап қатысы 177 мг/кг болды (салыстыру үшін Европадағы қабылданған деңгей бойынша 10 мг/кг қауіпті деңгей, ал қазақстандық деңгей бойынша 2 мг/кг рұқсатталған).



Берілген цифрлар, бас шайқатпай қоймайды. Сонда өзенді су түбіне жиналған қауіпті металдан тазалау жұмыстары жүргізілді, ал оның нәтижесі күмәнді болғаны ма? ...

ЭкоМузей мен CINEST Нұра өзені мен оның жағалауындағы жерлердің жағдайы бойынша мониторинг жүргізуді жалғастыруда, сынап ластануының азық-түлік пен село халқының денсаулығына әсерін сараптауды өткізуде. Олар шешім қабылдайтын тұлғаларға да жететіндеріне сенімді және өзен мен өзен жағасындағы елдің сынап проблемасы шешіледі деген үміттен де құр алақан емес.

# 4-ТАРАУ

ӘРЕКЕТ ЖАСАЙМЫН  
ДЕГЕНДЕРГЕ КӨМЕК

# ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АҚПАРАТҚА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ

**ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АҚПАРАТТЫ КІМ АЛУҒА ҚҰҚЫЛЫ?** Орхус конвенциясының ережесі бойынша кез-келген жеке және заңды тұлғалардың экологиялық ақпарат алуға мүмкіндік құқығы бар. Аталған ақпаратты Экологиялық кодекс (ҚР ЭК) Қазақстан Республикасының заңнамасында (ҚР ЭК 163-бабы, 1-тармағы) қарастырылған жағдайлардан басқа кезде жалпыға қолжетімді екендігін нақтылайды. Кез-келген адамның Қазақстан Республикасының азаматтығының бар-жоқтығына және тұрғылықты орнына қарамастан экологиялық ақпарат алуға құқы бар. Заңды тұлғалар тіркелген орны мен орналасу орнына қарамай экологиялық ақпаратқа сұраныс жасай алады. Сонымен қатар, заңды тұлғалардың ұйымдастыру-құқықтық формасы да маңызды емес, сұраныс қоғамдық ұйым, қор, тұтыну немесе өндірістік кооператив, жеке меншік иелерінің кооперативі, акционерлік қоғам атынан жазыла да береді. Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 14-бабының 4-тармағында қоғамдық ұйымдардың қоршаған

ортаны қорғау саласындағы құқықтары «мемлекеттік органдар мен ұйымдардан уақтылы, толық және шүбәсіз экологиялық ақпарат» алу құқығын нақтылай отырып, ерекше атап көрсетілген. Орхус конвенциясының 4-бабы 1а-тармағы және «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі» заңының 6-бабы 2-тармағы бойынша экологиялық ақпарат алуға жазылған сұраныста мүдделіліктің себебін көрсету міндетті болып табылмайды.

**ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АҚПАРАТТЫ КІМ БЕРУГЕ МІНДЕТТІ?** Экологиялық ақпаратты:

- а) мемлекеттік органдар;
- ә) мемлекеттік басқару міндетіне иәкілетті жеке және заңды тұлғалар;
- б) мемлекеттік міндет немесе қоршаған ортаға қатысты қызмет көрсететін және мемлекеттік органдар бақылауымен әрекет ететін жеке немесе заңды тұлғалар. Мысалы: су каналдары, қоқыс шығаратын мекемелер, елді мекендерді аббаттандырумен айналысатын ұйымдар, гидрометқызметтер

және т.б. (ОК 4-бабы 1-тармағы, 2-бабы 4-тармағы, ҚР ЭК 165-бабының 4-тармағы).

Мемлекеттік органдар түскен сұранысқа жауап беруі немесе сұратылған ақпараттың жоқтығы

туралы жауап беруге, алған сұранысты құзіретті органдарға жіберуге тиісті. (ОК 2-бабы 2-тармағы, ҚР ЭК 165-бабының 4-тармағы).

## ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АҚПАРАТ АЛУ ҮШІН ТОЛТЫРЫЛАТЫН СҰРАНЫСТЫҢ ҮЛГІСІ

*Қызметтік лауазымы*

*Кімге - Аты-жөні, тегі*

*Кімнен – Талапкердің аты-жөні*

*Байланыс деректемесі (мекен-жайы мен телефоны)*

### Ақпарат алу үшін СҰРАНЫС

Құрметті \_\_\_\_\_!

Сізден төмендегідей ақпарат беруіңізді өтінемін:... *(сұратылып отырған деректер анық, сұрақтар нақты болуы керек)* Аталған \_\_\_\_\_ ақпарат қажет *(талапкердің ақпараттың сұратылу себебін түсіндіруі міндетті емес; қалауына қарай толтырылады)*. Осы сұранысқа жауапты Қазақстан Республикасының «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі» Заңының 8-бабында қарастырылған мерзімге дейін беруіңізді сұраймын.

Құрметпен: аты-жөні, қалауы бойынша тегі.

Күні \_\_\_\_\_

Қолы \_\_\_\_\_

**ҚОҒАМДЫҚ СҰРАНЫС БОЙЫНША ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АҚПАРАТ ҚАНДАЙ МЕЗГІЛДЕ БЕРІЛУІ ҚАЖЕТ?** Қоғамдық сұраныс бойынша экологиялық ақпаратқа жауап мейлінше қысқа мерзімде берілуі қажет:

1. Қарау үшін өзге субъектілерден, лауазымды адамдардан ақпарат алу не жергілікті жерге барып тексеру талап етілмейтін өтініш – күнтізбелік он бес күн ішінде қаралады;

2. Қарау үшін өзге субъектілерден, лауазымды адамдардан ақпарат алу не жергілікті жерге барып тексеру талап етілетін өтініш – күнтізбелік отыз күн ішінде қаралады;

3. Қосымша зерделеу немесе тексеру жүргізу қажет болған жағдайларда – қарау мерзімі күнтізбелік отыз күннен артық мерзімге ұзартылады;

4. Егер сұратылған ақпарат басқа мемлекеттік органның құзырына тиесілі болса, 3 жұмыс күні ішінде құзырлы органға жіберіледі.

**ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АҚПАРАТ БЕРУДЕН ҚАНДАЙ ЖАҒДАЙДА БАС ТАРТЫЛАДЫ?** Ақпарат беруден бас тартуға төмендегі жағдайлар негіз болады:

1. Өтініш жіберілген мемлекеттік органда

сұрау салынған экологиялық ақпарат болмаса (ОК 4-б. 3а-т.);

2. Өтініш тым жалпылама түрде тұжырымдалса (ОК 4-б. 3б-т.);

3. Өтініш әзірлеудің ақырғы кезеңінде немесе мемлекеттік органдардың ішкі хат жазысуларында болса (мысалы, ақпарат «қызметтік пайдалану үшін») (ОК 4-б. 4а-т., ҚР Үкіметінің №51 қос. Қаулысы, 23.01.08 ж.);

4. Ақпарат беру оперативті-іздеу әрекетінің, тергеу және алдын-ала тергеу істерінің құпиясына нұқсан келтірсе. Ақпаратты беруге рұқсатты алдын-ала тергеу және тергеу органы береді (ОК 4-б. 4с-т., ҚР ҚК 53-б., 205-б.2-т.);

5. Коммерциялық құпия бұзылатын болса (ОК 4-б. 4д-т., ҚР АҚ 126-б.);

6. Авторлық құқық пен зияткерлік жеке меншік құқығы бұзылса (ОК 4-б. 4е-т., ҚР АҚ 964-б.);

7. Жеке адамға қатысты жеке деректердің құпиялылығы бұзылса (ОК 4-б. 4ф-т., «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі» Заңының 15-бабының 2-тармағы, 3-тармақшасы, «Әкімшілік рәсімдер туралы» Заңының 15-б., 2-т., 3-т.);

8. Сұрау салынған ақпаратты жариялау құқығынсыз мемлекеттік органға ерікті түрде берген үшінші тараптың мүдделеріне зиян келсе (мысалы: лицензия мен рұқсат алу кезінде), (ОК 4-б. 4г-т).

### **ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АҚПАРАТ АЛУҒА МҮМКІНДІК БЕРМЕГЕНІ ҮШІН ЖАУАПТЫЛЫҚ**

1. Әлеуметтің экологиялық ақпаратқа қол жеткізуіне құқықсыз жол бермеу Қазақстанның Орхус конвенциясын ратификациялауда қабылдаған халықаралық міндеттеріне нұқсан келтіру табылады.

2. Экологиялық ақпаратты бермеу, уақытында бермеу, сонымен бірге толық емес және сенімсіз ақпарат бергені үшін материалдық, әкімшілік және қылмыстық (ҚР Әкімшілік құқық бұзу кодексінің 84-б) жауапкершілік қарастырылған. Бұндай жағдайда жоғары тұрған органға немесе жоғары лауазымды тұлғаға шағымдануға немесе құқықсыз әрекет жасалынғаны белгілі болған уақыттан бастап 3 айдан кешіктірмей (ҚР «Әкімшілік рәсімдеулер туралы» заңының 17-б., 2-т.) сотқа арыз жазуға болады. Мемлекеттік органдар арызды, сұраныс қаралатын мерзім ішінде қарап, жауап беруге міндетті.



# ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУҒА БАЙЛАНЫСТЫ ҚОҒАМДЫҚ ЖИНАЛЫСТЫ ЗАҢҒА ҚАЙШЫ КЕЛТІРМЕЙ ҚАЛАЙ ӨТКІЗУГЕ БОЛАДЫ?

Экологиялық проблемалар адамдарды қоршаған ортаны қорғау үшін жиі бірігіп, белсенді түрде әрекет етуге мәжбүр етуде. Жұртшылықтың экологиялық маңызды шешімдер қабылдауға қатысу формаларының бірі – бейбіт жиналыстар.

Сонымен, сіз қоғамдық жиналыстың ұйымдастырушысы болуды ұйғардыңыз. Сіз не білуіңіз керек:

**1. СІЗДІҢ ОҒАН ҚҰҚЫҒЫҢЫЗ БАР!** Бейбіт жиналыс өткізу бостандығының құқығы адам мен азамат құқықтарының ішіндегі ең маңыздысы болып табылады, ол негізгі халықаралық құжаттарда – Адам құқығықтарының жалпыға бірдей декларациясы, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт, Адам құқығы мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы конвенцияларда

(Адам құқығының Европа конвенциясы) бекітілген.

Бейбіт жиналыстар бостандығының кепілдігі Қазақстан Республикасының 32 бабында бекітілген: онда «Қазақстан Республикасының азаматтары бейбіт және қарусыз жиналып, жиналыстар, митингілер мен демонстрациялар, шерулер мен пикеттер өткізуге құқылы. Бұл құқықты пайдалануды мемлекеттік қауіпсіздік мүддесі, қоғамдық тәртіп, денсаулық қорғау, басқа тұлғалардың құқығы мен бостандығы үшін заң шектей алады». Бейбіт жиналыстар бостандығын Республикада тікелей реттеуді 1995 жылғы 17 наурыздағы «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы» Заңы жүзеге асырады (20 желтоқсан 2004 жылы өзгерістер енгізілген).

Қазақстан Республикасындағы бейбіт жиналыстар бостандығын құқықтық реттеуге қатысты жекелеген нормаларлар 1995 жылғы 21 желтоқсанындағы «Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы» Заңында, 1998 жылғы 26 маусымдағы «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» ҚР Заңында қарастырылған.

Заңмен қамтылған бейбіт жиналыстардың барлық формаларын құқықтық реттеу, хабарлау сипатында емес, рұқсаттық сипатта болады. Барлығы бірдей ереже арқылы орындалады. Олар едәуір қатаң және оны құқықтық пайдалану төтенше қоғамдық реакцияны тудыратын оқиғаларға байланысты қарсылық білдіру мен басқа қоғамдық көріністер байқалатын акцияларды аяқ астынан өткізуді мүлдем болдырмайды.

**2. МУДДЕЛЕСТЕРДІ ІЗДЕҢІЗ.** Заң бойынша жиналыс өткізуге жеке тұлғадан өтініш қабылданбайды. Тек «еңбек ұжымдарының, қоғамдық бірлестіктердің өкілдері мен он сегіз жасқа толған Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген топтары» ғана іс-шараның

өтуіне мұрындық бола алады.

**3. ШАРАНЫ ӨТКІЗУДІҢ ТОЛЫҚ ЖОСПАРЫН ДАЙЫНДАҢЫЗ.** Шараны өткізудің дайындығын бастамас бұрын, өзіңізге келесі сұрақтарға жауап беріңіз:

1. Жоспарланған шараның мақсаты қандай?
2. Көпшіліктік шараның қандай формасы (митинг, пикет, жиналыс) ыңғайлы?
3. Өткізілетін шара қалай аталады?
4. Қатысатын адамдардың болжалды саны мен әлеуметтік сипаттамасы (жасы, мамандығы, білімі, отбасылық жағдайлары жәнет.б.)?
5. Көпшіліктік шараның жоспарланған бағдарламасы (кезеңдері)?
6. Бұл шараны қайда өткізуге болады? Таңдалған жер қаншалықты қолжетімді әрі қауіпсіз, ол жерге нақты қанша адам қатыса алады? Көлік пен жаяу жүргіншілердің қозғалысына кедергі туындамайды ма?

Өткізілетін жерді таңдағанда, заң бойынша «бұқаралық шараларды темір жол, су мен әуе көліктерінде, одан басқа, мемлекеттің қорғаныс қабілетін, қауіпсіздігін және халықтың тіршілік

әрекетін (қалалық қоғамдық көлік, сумен, электр энергиясымен, жылумен және басқа энергия тасымалдаушылар) қамтамасыз ететін, және денсаулық сақтау мен білім беру ұйымдарының жанында өткізуге рұқсат берілмейтінін» есте сақтаңыз.

7. Бұл шараны қай кезде өткізген дұрыс?

8. Баннерлер, листовкалар, жадынамалар, плакаттар және тағы да басқа көрнекі насихаттау құралдары қажет пе? Егер қажет болса, оны кім, қайда және кімнің есебінен дайындалады, орнатылады, таратылады?

9. БАҚта бұл шара қалай ашылады, шараға алдын-ала кімді шақыру керек, шараның өту барысының барлық кезеңдерін әр түрлі нүктеден кім түсіреді?

Акцияға міндетті түрде журналисттер қатысуы керек, оларсыз мұндай іс-шараны өткізу мәнсіз. Прессаның болуы кейбір заңсыздыққа жол бергісі келгендерді тоқтатады. Бұдан басқа, акцияны өзіңіз бейнекамераға түсіргеніңіз дұрыс болады.

10. Шараны өткізу барысында тәртіпті кім қарайды, ешқандай заң бұзушылыққа жол бермеу жағына кім жауапты болады?

11. Шараның аяқталуы қалай болуы қажет (жалпы қарар қабылдау, қол жинау және т.б.)?

Ұйымдастырушылар арасында жоғарыдағы айтылған мәселелер бойынша міндеттерді бөліп беріңіз.

**4. РҰҚСАТ АЛЫҢЫЗ.** Шара өткізілетін күннен 10 күн бұрын сіз жергілікті атқарушы органдарға (республикалық маңызы бар қала әкімшілігі/ астана/ қалалық маңызы бар қала/ аудан) өтініш тастауыңыз қажет. Бұл құжатта сіз төмендегі ақпаратты көрсетуіңіз керек:

- мақсаты,
- формасы,
- өткізілу орны немесе қозғалыс маршруты,
- басталу және аяқталу уақыты,
- қатысатын адамдардың болжалды саны,
- қоғамдық тәртіпке жауап беретін уәкілеттілердің (ұйымдастырушылардың) және тұлғалардың аты, жөні, тегі, тұратын және жұмыс (оқу) орнының мекен-жайы,
- өтініш берілген күн (өтініштің күні болып оның жергілікті атқару органында тіркелген мерзімі саналады).

Жергілікті атқару органдары өтініштің қаралу нәтижесі туралы шараны өткізуге ең кемі 5 күн қалғанға дейін хабарлайды. Оның үстіне жергілікті атқару органдары көліктің қалыпты қызмет етуі мен жасыл ағаштардың сақталуын басшылыққа ала отырып шараны өткізуге басқа мерзім мен орын ұсынуға құқылы.

Егер көпшіліктік шараны келісуден бас тартса, онда сіз биліктің шешіміне аудандық (қалалық) сотқа шағымдануға құқыңыз бар. Өтініште істің негізін түсіндіру қажет: ескертуді кім және қашан берді, жергілікті билік органдарынан қандай жауап келді, олардың өзіңіз келіспейтін дәлелдерін келтіру қажет.

**5. ЗАҢ МЕН ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПТІ САҚТАҢЫЗ!** Шара басталмай тұрып оған қатысушыларға өздеріңіздің игі іс үшін жиналғандарыңызды ескертіңіз! Ешқандай қорлық, бұзақылық, жанжал және бөгденің мүлкіне зиян келтіру болмау керек! Бұндай қылық полицияға акцияға қатысушыларды ұстауға себеп беріп қойғаны аздай, бүкіл шараны жаман атты қылдырады.

Акцияға қажет шешім қабылдауға қатысатын

тұлғалардан нақты әрі түсінікті мақсатты талап ету үшін шығу керек. Қарсылықтың берік негізі, құқықтық әрі моральдік- адамгершілік негіздері болу керек.

**ЕСТЕ САҚТАҢЫЗДАР!** ҚР Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексі (373 бабы) мен ҚР Қылмыстық кодексі (334 бабы) бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрацияларды ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілікке тартады. Санкциялар ескерту, айыппұлдан бастап 15 тәулікке қамау мен бір жылға дейін бас бостандығынан айыруға дейін жаза қолданады.

# ЖОБА ТУРАЛЫ

2014 жылы Қазақстанда «Азаматтардың құқықтарын іске асыру және экологиялық мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға қоғамдық қатысу –Маңғыстау облысында Орхус конвенциясын тәжірибелік іске асыру» жобасы іске қосылды. Жобаны жүзеге асыруға бірден төрт ұйым тартылды:

- «Арника» үкіметтік емес ұйымы, Чех Республикасы (<http://english.arnika.org>)
- «Қарағанды облыстық Экологиялық мұражайы» ҚБ (<http://ecomuseum.kz>)
- «Жаңа, экологиялық қауіпсіз технологияларды енгізу орталығы» ҚҚ, Қарағанды
- «Эко Маңғыстау» үкіметтік емес мекемесі, Ақтау қ. (<http://ecomangystau.kz/>)

Ғаламшардың әр нүктелерінде орналасқан олардың мақсаттары ортақ – адамдар мен табиғаттың үйлесімді әрі қолайлы тіршілік етуіне жағдай жасау.

Қазір, жоба өз жұмысын аяқтағанда, оны жүзеге асыру бойынша кейбір қорытындыларды

шығаруға болады:

- Жоба сарапшылары «Ақпаратқа кіру, шешімдер қабылдау процесіне жұртшылықтың қатысуы және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот әділдігіне қол жеткізу» Орхус конвенциясы нормаларының Қазақстанда сақталуы бойынша алған міндеттерін орындауына байланысты тәуелсіз мониторинг жүргізді. Бұл жұмыстың нәтижесі ұлттық және халықаралық кездесулер мен форумдарда айтылды.

- Бүкіл жоба бойы біз қарапайым адамдардың экологиялық сұрақтар бойынша шешім қабылдау процесіне қатысу құқығы мен ақпаратқа қол жеткізу туралы ақпараттандыру жұмыстарын белсенді жүргіздік.

- Маңғыстау облысының «ыстық нүктелерінің» интерактивті картасы жасалды және олардың экологиялық жағдайын жақсарту жұмыстары басталды.

- Жоба сарапшылары 2013 жылы Энегетика министрлігіне кейбір кәсіпорындардың өз

еріктерімен берген атмосфераға жайылған шығарылымдары туралы деректерді өңдеп, қоршаған ортаны ластаушы заттардың ірі деректер қоры құрылды. Бұл кәсіпорындар интерактивті картаға енгізілді, ал олардың шығарындылары жұртшылыққа түсінікті болу үшін кестелер түрінде көрсетілді. Барлық материалдарды еш қиындықсыз жобаның сайтынан табуға болады.

- Шағын гранттар бағдарламасы жүзеге асырылды, бағдарлама аясында Маңғыстау облысының қоғамдық ұйымдары мен бастамашыл топтары жергілікті экологиялық мәселелерді шешу үшін консультациялық және қаржылық қолдау алды.

- Жоба сарапшылары Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сараптама жасап, оны жетілдіруге байланысты ұсыныстар дайындады.

- Қоршаған орта мәселелері бойынша шешім қабылдауға азаматтардың қатысу белсенділігі мен әлеуетін арттыру үшін БАҚ, мемлекеттік құрылым, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері мен мүдделі жұртшылық қатысқан кездесулер, дөңгелек үстелдер, семинарлар өткізілді.

Біз өзекті экологиялық мәселелерді көтеріміз және пікірсайысқа азаматтарды, қоғамдық ұйымдар мен мемлекеттік билік өкілдерін тарта отырып, мәселені шешудің оңтайлы жолдарын қарастырамыз.

Аталған ірі жобаны Европа Одағының және Чех Республикасының Сыртқы істер министрлігінің «Transition Promotion» бағдарламасының қаржылық қолдауынсыз жүзеге асыру мүмкін болмас еді.

Жобаның Чехиядағы үйлестірушісі: Мартин Скальский - martin.skalsky@arnika.org

Жобаның Қазақстандағы ұлттық үйлестірушісі: Анна Андрейчук - anna.andreychuk@ecomuseum.kz

Жобаның аймақтық үйлестірушісі: Кирилл Осин - osinkirill@gmail.com

Жоба туралы толығырақ [www.ecocitizens.kz](http://www.ecocitizens.kz) сайтынан және Facebook парақшасындағы «Қазақстандағы Орхусс конвенциясын тәжірибеде жүзеге асыру» AarhusKZ тобынан таныса аласыздар.

**«АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ІСКЕ АСЫРУ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР БОЙЫНША ШЕШІМДЕР ҚАБЫЛДАУҒА ҚОҒАМДЫҚ ҚАТЫСУ –МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНДА ОРХУС КОНВЕНЦИЯСЫН ТӘЖІРИБЕЛІК ІСКЕ АСЫРУ» ЖОБАСЫ ОСЫ БАСЫЛЫМ ҮШІН АҚПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ ФОТОМАТЕРИАЛДАР ҰСЫНҒАНЫ ҮШІН ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАРЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҰЙЫМДАРЫНА АЛҒЫС БІЛДІРЕДІ.**

**«Қарағанды облыстық экологиялық мұражайы»  
қоғамдық бірлестігі**  
Қазақстан, Қарағанды қ., Бұқар Жырау даңғылы, 47 - ғимарат  
Тел./факс: +7 (7212) 41-33-44  
E-mail: [ecomuseum@ecomuseum.kz](mailto:ecomuseum@ecomuseum.kz)  
[www.ecomuseum.kz](http://www.ecomuseum.kz)

**ТЕГІН ТАРАТЫЛАДЫ!**

Тираж – 1000 дана  
«Гласир» баспаханасында басылды  
Қазақстан, Қарағанды қ., Ермеков көш., 112/5 ғимарат  
Тел.: +7 (7212) 433-857; e-mail: [glasirkr@mail.ru](mailto:glasirkr@mail.ru)